

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ЕБҚ бар балалардың қорытынды аттестаттауын үйымдастыру бойынша  
әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации  
по организации итоговой аттестации для детей с ООП**

Нұр-Сұлтан  
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 25 ақпанды № 1 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 1 от 25 февраля 2020 года)

ЕБҚ бар балалардың қорытынды аттестаттауын үйімдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 112 б.

Методические рекомендации по организации итоговой аттестации для детей с ООП. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 112 с.

Құралда білім алушылардың оқу жетістіктерін олардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бағалау бойынша мәселелер сипатталады. Инклузивті практиканы іске асыратын педагогтер үшін ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын үйімдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В пособии раскрываются вопросы оценивания учебных достижений обучающихся в соответствии с их особыми образовательными потребностями и индивидуальными возможностями. Для педагогов, реализующих инклюзивную практику, предлагаются методические рекомендации по организации итоговой аттестации обучающихся с особыми образовательными потребностями.

Методические рекомендации предназначены руководителям, учителям общеобразовательных школ, методистам, специалистам отделов и управлений образования.

## **Kіріспе**

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі, отандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін дамыту шенберінде «өмір үшін оқыту» тұжырымдамасынан «өмір бойы оқыту» қажеттілігін түсінуге көшуге бағытталған мектеп білімін түбөгейлі жаңарту қажет.

Білім беру мазмұнын жаңарту ұғымына бағдарламаның құрылымы мен мазмұнын, оқыту әдістері мен құралдарын қайта зерделеу кіреді. Осындай жұмыстың нәтижесінде қоғам білім беру үйымдарында әр баланың дамуына, қоғамның жаңа мүшесінің әлеуетін танытуға қолайлы білім беру ортасын құруды қүтеді.

Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуге байланысты білім алушылардың оку жетістіктерін бағалаудың жаңа, объективті жүйесіне қажеттілік туындағы, өйткені мектепте қалыптасқан дәстүрлі бағалау тәжірибесі жаңа білім беру стандартының, жаңартылған оқу бағдарламаларының талаптарына, сондай-ақ бағалаудың барабар және ғылыми негізделген моделін талап ететін оқыту мақсаттарына сәйкес келмейді.

Құзыреттілік тәсілдеме, жеке тұлғаға бағытталған, дамыта оқыту білім алушылардың оку жетістіктерін бағалауда әртүрлі тәсілдердің пайда болуына ықпал етті. Бұл процестер бағалау жүйесінің дамуындағы заманауи тенденцияларды анықтап, құзыреттілік тәсілге негізделген және пәнаралық сипатқа ие білім алушылардың жеке жетістіктерін белгілі бір критерийлермен салыстырудан тұратын критериалды бағалау технологиясының пайда болу қажеттілігін тудырды [1].

Білім алушылардың оку жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі білім беру мазмұнын жаңартудың ажырамас бөлігі болып табылады және инклузивті саясат пен практика қағидаттарына жауап береді.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларында бағалау білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі ретінде айқындалады [2].

Критериалды бағалау жүйесі жекеитұлғалық тәсілдеме негізінде жүзеге асырылатындықтан, ол ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕБҚ) білім алушылар үшін аса тиімді және өзекті болып табылады. Мұндай тәсілдеме мемлекеттік білім беру стандарттарында, оқыту бағдарламаларында қалыптасқан оқытудың мақсаты мен мазмұны білім алушы үшін жеке мағынаға ие болады, оқуға уәждемені арттырады. Сонымен қатар мұндай оқыту білім алушыға өзінің жеке қабілеттері мен коммуникативтік

қажеттіліктеріне, мүмкіндіктеріне сәйкес оқытудың мақсаттары мен нәтижелерін түрлендіруге мүмкіндік береді [3].

Әдістемелік құралдың мақсаты балалардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бағалаудың тиімді әдістерін анықтау, ЕБҚ бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру бойынша тиісті әдістемелік ұсынымдарды өзірлеу болып табылады.

Аталған ұсынымдарды өзірлеу міндеттеріне білім алушыларды, оның ішінде ЕБҚ бар балаларды бағалау бойынша нормативтік құқықтық күжаттарды түсіндіру, жалпы білім беретін мектептерді 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыруға дайындау бойынша нұсқаулық пен алгоритм беру, ҚР өнірлері бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының үлесін мониторингілеу және талдау, инклузивті жағдайда білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша ұсынымдар өзірлеу кіреді.

Оқу құралы жалпы білім беретін мектептердің басшыларына, мұғалімдеріне, әдіскерлерге, инклузивті практиканы іске асыратын білім беру басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау процесінде, сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыруда пәрменді әдістемелік көмек көрсетуі тиіс.

# 1 ЕБҚ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТИСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «*Бағалау – өзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі.* *Бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер.* *Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.* *Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді» делінген [4].*

ҚР «Білім туралы» заңында *білім алушыларды аралық аттестаттай* – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі менгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім, *білім алушыларды қорытынды аттестаттай* – олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін менгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім деп анықталған [5].

Сонымен қатар білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылатындығы, бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін өлшеу үшін пайдаланылатындығы көрсетілген.

Бағалау нақты бөлім/ортак тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады. Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 1-сыныптың екінші жарты жылдығынан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.

Стандартқа сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы үшін, даму бұзушылықтарын түзету және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасалады. Білім алушылардың дайындық деңгейі үш

аспект бойынша бағаланады: 1) тұлғалық нәтижелер; 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер; 3) пәндік нәтижелер [4].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығында **критериалды бағалау** – білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі нақты айқындалған өлшемшарттарымен, білім берудің тиісті мақсаттараты және мазмұнымен салыстыруға негізделген процесс деп берілген. **Бағалау критерийлері** – қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім мен білім алушыға оқу мақсатына жеткенін тануға мүмкіндік беретін тұжырымдар (табыс өлшемшарттары), жиынтық бағалау кезінде білім алушы жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар (балдарды қою өлшемшарттары).

Бұйрыққа сәйкес білім алушылардың тілдік емес пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары оқу материалын менгерудің деңгейлерін бағалауға негізделген:

**білу** – нақты фактілерді, ақпаратты және сипаттамаларды қайта жаңғырту немесе есте сақтау қабілеті;

**түсіну** – ақпаратты дұрыс қайта жаңғырту, болжау немесе түсіндіру арқылы менгерілген материалды түсіну және түсіндіру қабілеті;

**қолдану** – проблемаларды шешу мақсатында менгерілген материалды нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда қолдану қабілеті. Практикалық жұмыс, эксперименттер, проблемаларды шешу мен жаңа және/немесе түрлі өнімдер жасау білімді қолдануды көрсетудің тәсілдері болып табылады;

**талдау** – тұртқілер мен себептерді, ой қорытындыларын анықтау, ортақ ережелерді негіздеу үшін дәлелдер табу арқылы ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктеге бөлу, ақпаратты зерделеу қабілеті;

**жинақтау** – бөліктегі (идеялар, элементтер) жаңа мәнмәтінге біріктіру, қыыстыру қабілеті, мысалы қолдағы бар мәліметтерді реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), іс-әрекет жоспары, сызбалар. Оқытудың тиісті күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу шығармашылық сипаттағы қызметті болжамдайды;

**бағалау** – қандай да бір материалдың (пікірлер, көркемдік шығармалар, зерттеу деректері) маңызын бағалау қабілеті;

Білім алушылардың тілдік пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары оқу материалын менгерудің деңгейлерін бағалауға негізделген:

**тындалым** – тұрлі тақырыпта ауызша айтылғандардың негізгі мазмұнын түсіну; олардан негізгі ақпаратты айырып көрсетеу; айтушының пікірін тани білу; мәнмәтін бойынша сөздің мағынасын айқындау; тұрлі стратегияларды қолдана отырып, білім алушылардың деңгейлеріне сәйкес мәтіндердің әр түрлінің мазмұнын қабылдау және түсіну қабілеті;

**айтылым** – тұрлі тақырыптардағы әңгімеде сөйлесудің ресми және сөйлеу стильдерінің сөздерін қолдану; қажет ақпарат алу үшін анағұрлым

курделі сауалдар қою; өз ойын білдіру; күтпеген түсініктерге пікір білдіру; құрдастарымен тапсырманы орындау барысында қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы сауатты қолдану; тарихты және оқиғаларды қайта айтып беру қабілеті;

**Оқылым** – түрлі тақырыптардағы көркемдік және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұндарын түсіну, олардың ішінен ақпаратты іздестірудің түрлі стратегияларын қолдана отырып түйінді ақпаратты айырып көрсету; мәнмәтін бойынша сөздердің мағыналарын анықтау; автордың қатынасын және пікірін тани білу; сөздердің мағынасын тексеру және оқылғанды түсінуін тереңдешту үшін қағаздағы және сандық дереккөздерді пайдалану қабілеті;

**Жазылым** – түрлі тақырыптарға жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету; қазір болған және ойдан шығарылған оқиғалар туралы, оқылғанға сыни пікірлер жазу; орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей, барынша сауатты жазу; белгілі стильді ұстану; түрлі тізбек-сөздерді қолдана отырып сөйлемдерді параграфтарға байланыстыру қабілеті [6].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – БФДМБ): «білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енуде, ол өңірдің, мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді» делінген. Сонымен қатар: «Мектепте өлшемшарттық бағалау жүйесі жетілдірілетін болады. Білім алушыларды ішкі бағалаудың (формативті және жиынтық бағалар, балдар) объективтілігін арттыру жұмысы жалғасады» делінген. Себебі оқу бағдарламаларындағы өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарауды талап етеді. Осыған байланысты қорытынды атtestаттауды өткізуіндегі тапсырмалары мен форматы, PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің, сондай-ақ SAT тестінің құралдарымен ұқсастығы бойынша функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарды қоса отырып, ҰБТ мазмұны және т.б. қайта қаралатын болады.

Сонымен қатар БФДМБ-да: «орта білім берудің әрбір деңгейінде (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім) репрезентативтік іріктеу негізінде білім алушылардың дағдыларын меңгеру срезі енгізілетін болады. Функционалдық сауаттылықты бағалаудың басымдықтары математикалық, жаратылыстану-ғылыми, оқырман және компьютерлік сауаттылық болады. Қазақстандық білім алушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне, сондай-ақ Қазақстанның PIAAC қатысусы жалғасады. Жекелеген мектептерді объективті және тәуелсіз бағалау үшін қазақстандық білім алушылар жыл сайын PISA-based Test for Schools қатысады» делінген [7].

ЕБҚ бар білім алушыларды оқыту кезінде білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оку жетістіктерін бағалаудың қолданылатын критериалды жүйесі өзекті болып табылады. ЕБҚ бар білім алушылардың нәтижелерін бағалау кезінде МЖМБС-да ұсынылған білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлану қажет. Алайда кейбір білім алушыларға бағдарламаны менгерудің неғұрлым ұзак мерзімдері болғандықтан, нәтижесінде олар қалыпты балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің нәтижелерімен салыстырылатын деңгейге жетеді.

Осылайша, ҚР МЖМБС-ға сәйкес білім беру сапасын арттыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесінің барлық қатысуышыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету; тез өзгеретін әлемде табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуда білім алушылардың қажеттілігін қанағаттандыру; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, физикалық және рухани тұрғыдан дамыған азаматтың қалыптастыру болып табылады.

Алайда қазіргі уақытта елімізде инклузивті білім беру принциптері республикамыздың заңнамаларында көрсетілген тәртіpte барлық деңгейде сақталмауда. Бірінші кезекте, мәселе білім берудің барлық деңгейлерінде инклузияның бірыңғай философиясын әртүрлі түсінуге, қоғамда инклузивтік мәдениет қағидаттарын сақтамауға, инклузивті мәдениетті дамыту мәселелерінде ведомствоаралық келіспеушіліктердің орын алуына, инклузивті мәдениет идеологиясын ілгерілетуде педагогикалық қоғамдастықтың әлсіз позициясына байланысты туындауда.

Практикада бұл инклузивті білім беру саласында кешенді ғылыми зерттеулердің болмауымен, педагогтердің инклузивті білім берудің іске асыруға дайын еместігімен, ЕБҚ бар білім алушыларға арналған қолданыстағы оку бағдарламаларының бейімсіздігімен, оқулықтар мен ОӘК мазмұнының білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келмеуімен, ЕБҚ бар білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау жүйесінің жетілмелегендігімен білінеді.

Осыған байланысты білім беру ұйымдарында жеткіліксіз қамтамасыз етілген және соның салдарынан ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың едәуір бөлігінің әлеуетті мүмкіндіктері іске асырылмаған, әлеуметтік бейімделу тетіктері нашар іске асырылған, соның салдарынан девиантты мінез-құлықты балалар саны ұлғаюда, ЕБҚ бар білім алушылардың функционалдық сауаттылығы төмен деңгейде қалыптасуда, бұл олардың жұмысқа орналасуында және жалпы алғанда әлеуметтенуінде қындықтардың туындауына әкеп соқтырады.

Оку жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық жүйесі проблеманы шешудің келесі маңызды тәсілдемелерінен тұрады:

- *тұлғаға-бағдарлық тәсілдеме*, оның құрамына оқу жетістіктерін бағалаудың әр деңгейлі сараланған шкаласын пайдалану арқылы әрбір білім алушы тұлғасының әлеуетті мүмкіндіктерін есепке алу мен дамыту кіреді;

- *іс-әрекеттілік тәсілдеме*, білім алушының өзіндік өнімді қызметін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттерін барынша толық анықтауға бағытталған;

- *денсаулық сақтау тәсілдемесі*, ол бағалау жағдайында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру арқылы білім алушылардың психологиялық-соматикалық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді [8].

Аталған тәсілдемелерді іске асыратын педагогикалық шарттар келесі аспектілерден тұрады:

- оқу жетістіктерін бағалауда қызметтік формада сипатталған, білім алушыларға қолжетімді әрі түсінікті көрсеткіштер бойынша анықталған, білім алушы үшін шынайы және тұлғалық маңызды критерийлерді қолдану;

- бағалау процесінде көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келетін түрлі деңгейдегі және үлгідегі тапсырмаларды қолдану;

- білім алушылардың өз жеке оқу жетістіктерін шынайы таңдауын қамтамасыз ету және осы таңдауына қолдау көрсету.

Бағалау кезінде аталған шарттарды іске асыру білім алушының өзін еркін сезінуіне, танымдық белсенділігі, оқу мотивациясы деңгейінің артуына, эмоционалдық біркелкілігіне ықпал етеді және өз мүмкіндіктеріне сенімі артады.

Міндетті түрде критериалдық бағалау жүйесі ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне бейімделуі тиіс, олардың ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отыра дайындалуы қажет.

Критериалды бағалау тұтас педагогикалық процестің құрамдасы болып табылады және оны тек осындай мәннәтінінде қарастыру қажет. Баға білім алушылармен оқу процесінің сапасын арттыру мақсатымен анағұрлым ұтымды әдістерді таңдау үшін қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді.

Баға білім алушыларды «сұрыптау» құралы емес, бейімделген болуы тиіс. Инклузивті мектепте баға шынайылық, ақпараттылық, кері байланысты қамтамасыз ету сияқты критерийлерге сәйкес болуы тиіс.

Бағалаудың кез келген әдістері мен технологиялары білім алушы мүгедектігінің нақты түрін немесе проблемасын ескеруі тиіс. Бұл бейімдей оқытууды да талап етеді: инклузивті оқыту педагогтен оқыту стратегиясының үлкен жинағы мен әдістерін менгеруді талап етеді. Сонымен берге, көпшілік мектепке ғана емес, сонымен қатар дамуында мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды оқытудың арнайы әдістерін білдіреді.

Критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесіне қатысушылардың барлығына алдын ала белгілі бағалау критерийлерімен (қалыптастырушы бағалаудағы жетістіктер критерийлерімен және жинақтаушы

бағалаудағы балл беру критерийлерімен) салыстыру арқылы, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес жүргізіледі. Критериалды бағалау жүйесіне қойылатын талаптар оқу жоспарында көрсетілген нақты оқу пәндеріндегі әрбір тақырыптың бөлімі бойынша оқу мақсаттарының жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Инклузивті білім беру жағдайында критериалды бағалау жүйесін жетілдіріп, оның келесі мүмкіндіктерін беретіндей көп атқарымды және қолданысқа жарамды болуын қарастыру қажет:

- білім алушының оқу материалдарын қаншалықты табысты менгергенін МЖМБС талаптарына қаншалықты сай келетінін анықтауға мүмкіндік беруі;
- танымдық іс-әрекет салаларында білім алушылардың жетістік динамикасын қадағалап отыруға мүмкіндік беруі;
- критериалды бағалау жүйесінің талаптарына түзетулер енгізу үшін жеке дамыту жұмыстарының нәтижесін ескеріп отыруы;
- білім алушының жеке қажеттіліктеріне және оқу бағдарламасының мазмұнын игеру қарқынына байланысты бағалау талаптарына енгізілуі мүмкін түзетулерді болжау.

Критериалды бағалау жүйесі мектеп бітіруші түлектің тұлғасына қойылатын қазіргі заманғы білім беру парадигмасының талаптары бойынша, балалардың әртүрлі мүмкіндіктерінің, соның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып қалыптастырылады. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі мектептегі құзыретті білім беру шарттарында келесі қағидаттарды ескеру арқылы әзірлену қажет:

- менгеру деңгейін саралау;
- критериалды бағалау;
- бағалаудың объективтілігі;
- бағалауды дараландыру;
- бағалауды жариялау [8].

Инклузивті сыныптарда оқыту адамгершілік түрғыда, тұлғаға бағытталған негізде, дамытуши, дифференциалды және жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған бағалау принциптерін ескере отырып, мектептің құзыретті білім беру жағдайында қалыптастырылған білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау жүйесі мектеп практикасындағы жаңа білім парадигмаларының талаптары мен бағалау құралдарының арасындағы қайшылықтарды жоюға көмектеседі.

Атап айтқанда:

- оқу материалдарын игеруіне қарай деңгейлеп дифференциациялау арқылы қалыптастырылған бағалау шкаласының критериалды бағалау платформасы білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді;
- бағалаудағы жариялышық көптеген психологиялық түрғыдағы мәселелерді шешуге көмектеседі, соның ішінде, білім алушылар мен олардың

ата-аналарының арасындағы қанағаттанарлықсыз бағаға қатысты қақтығыстар, білім алушылар мен олардың мұғалімдерінің арасындағы балаға қойылған бағаға келіспеушілік түрғысындағы даулар, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қостарапты түсініспеушіліктер.

Инклузивті білім беру жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын басты талаптардың бірі, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы оқу мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар бағалау критерийлерін, жалпы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қабылданған принциптеріне сүйене отырып әзірлеу қажет және ол білу деңгейінен бастап, нәтижені бағалау деңгейіне дейінгі аралықты қамтиды.

Білім алушы:

- өтілген оқу материалын білетінін және түсінетінін көрсете алады;
- алған білімін стандартты және өзгеше жағдайларда қолдануға қабілетті;
- тиісті тәсілдерді қолдана отырып, қандай да бір тапсырмаларды зерделей алады, заңдылықтарын таба алады, олардың арасындағы байланысты анықтай алады;
- шартты белгілер мен тиісті сәйкес терминологияларды қолдана отырып, ақпаратты түсінікті жеткізуге қабілетті;
- оқу міндеттерін шешу мақсатында таңдалған тәсілдердің дұрыстығы мен тиімділігін зерделеп, ойын айта алады.

Критерийлер оқу тапсырмасының қандай деңгейде орындалғанын нақты бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерге жіктеледі, ал бұл көрсеткіштердің әрқайсысы білім алушының оқу мақсаттарын орындауда нәтижеге қандай дәрежеде жақындағанын анықтап береді. Критериалды бағалау жүйесін қолдануда әрбір тапсырма бағаланып отырады. Нәтиже әрбір тапсырманың жекелеген элементтерінің дұрыс орындалуына қойылған бағалаудан тұратын жиынтық балдық көрсеткішпен өлшенеді.

Критериалды бағалау жүйесі кері байланыс функциясын атқарады. Сондықтан күнделікті ағымдағы оқу тапсырмаларын орындау барысындағы ең қанағаттанғысыз нәтиженің өзін білім алушы жеке оқу жетістіктерін жақсарту үшін берілген ұсынымдар деп қабылдайды. Критериалды бағалау жүйесінде әр балдық көрсеткіш жетістік деңгейін көрсетеді. Маңыздысы, бағалау шкаласының нөлден басталатында, бұл білім алушының жеке тұлғалық қасиеттері емес, керінше оқу іс-әрекеті бағаланатының тағы бір көрсеткіші [8].

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқу бағдарламасының мазмұнымен салыстыру арқылы білім алушылардың тиісті білім деңгейін менгергенін бағалау. Ол екі деңгейден тұруы тиіс: критериалды бағалаудың бірінші деңгейі базалық мазмұнды қамтиды, екіншісі, ілгері деңгей (кәсіпалды және кәсіби), кәсіби дайындықты

көздейтін негізгі білім мазмұны аясын қамтиды. Инклузивті білім берумен қамтылған балалардың басым көпшілігі интеллектісі сақталған балалар және олардың арасында білім алуда биік жетістіктерге жеткен балалардың бар екенін ескерсек, екінші ілгері деңгей оларға қолжетімді;

- әрбір білім алушының жалпы үлгеріміндегі өзгерістерді анықтаумен қатар, оның әр саладағы танымдық белсенділігінің динамикасын қадағалап отыру шарт (ақпаратты қабылдау, ақпаратты өндөу, өз ойын шығармашылық тұрғыда жеткізу және бейнелеу т.б.); ЕБҚ бар білім алушының оку барысындағы қыындықтары мен қажеттіліктерін, оку үлгеріміндегі ауытқушылықтардың себебін күнделікті бақылай отырып, білім алушының білім деңгейі мен МЖМБС талаптары арасындағы алшақтықты барынша азайту;

- білім алушының үлгерімі жайлы ақпарат нақты әрі мазмұнды болуы қажет, сонымен қатар тек мұғалім ғана емес, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушы да өз үлгерімі туралы ақпараттан хабардар болуы тиіс. Тиісінше білім алушы өз бағасын мұғалімнің бағасымен салыстыра отырып, өз қабілетіне сенім пайда болады және мұғалімнің объективтілігіне көзі жетеді; осы әрекет баланың өзіне деген сенімсіздігінің алдын алады және алдағы уақытта өз қабілетін толық ашуына ықпал етеді;

- әсіреле ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау көп деңгейлі балды, дүниежүзілік бағалау тәжірибесіне бейімделген болуы тиіс, себебі мұндай білім алушылар сараланған көзқарасты қажет етеді;

- белгіленген уақыт аралығында балл жинау механизмін енгізу арқылы оку процесінің бірізділігін қамтамасыз ету;

- қажет болған жағдайда ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға қосымша уақыт беріледі;

- мұғалім, білім алушы, ата-ана, сынып жетекшісі, сонымен қатар мектептің педагогикалық ұжымы мен басқармасы арасында тығыз байланыс орнатылуы қажет. Бұл ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушының оку процесіндегі мәселелеріне жедел түрде назар аударуға және қажет болған жағдайда қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін керек болып табылады;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушы үшін мектеп бағдарламасының тиісті деңгейлері бойынша қойылатын талаптар жалпы орта білім алатын барлық білім алушы үшін білім деңгейіне қойылатын талаптармен бірдей болуы тиіс. Себебі ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылар жалпы білім беру ұйымын аяқтағаннан кейін жалпы мектепті аяқтағаны туралы орта білім атtestатын алады;

- мұғалім, сынып жетекші, ата-ана, мектеп басшылығы және бәрінен бұрын білім алушының өзі оку іс-әрекеттерін ұйымдастыруда бірлескен тығыз байланыста қарым-қатынас орнатулары шарт;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды жалпы білім беру мектептеріне түбегейлі тарту, оны қоршаған ортасының түсіністігі мен қолдауын қажет етеді;

- білім алушының психикасына қамқорлықпен қарап, білім алушының іс-әрекеттері мен талаптарына шыдамдылық таныту қажет, оның психикасына нұқсан келтіретін жағдайлардың алдын алу маңызды. Бұл ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлардың жасалуына ықпал етеді [8].

Білім алушылардың, олардың ішінде ЕБҚ бар білім алушылардың оқу жетістігін бағалау өлшем шарттары тілдік емес пәндер және тілдік пәндер бойынша екі түрге бөлінеді.

ЕБҚ бар білім алушылардың оқу жетістігін бағалау өлшемшарттары келесі ережелерге негізделген:

- *біледі*: нақты фактілерді, ақпаратты және сипаттамаларды қайта жаңғырту немесе есте сақтау қабілетінің бағасы;

- *түсінеді*: ақпаратты дұрыс қайта жаңғырту, болжau немесе түсіндіру арқылы менгерілген материалды түсіну және түсіндіру қабілетінің бағасы;

- *қолданады*: проблемаларды шешу мақсатында менгерілген материалды нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда қолдану қабілетінің бағасы. Практикалық жұмыс, эксперименттер, проблемаларды шешу мен жаңа және/немесе түрлі өнімдер жасау білімді қолдануды көрсетудің тәсілдері болып табылады;

- *талдайды*: түрткілер мен себептерді, ой қорытындыларын анықтау, ортақ ережелерді негіздеу үшін дәлелдер табу арқылы ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктеге бөлу, ақпаратты зерделеу қабілетінің бағасы;

- *жинақтайды*: бөліктегі (идеялар, элементтер) жаңа мәнмәтінге біріктіру, қыстыру қабілеті, мысалы қолдағы бар мәліметтерді реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), іс-әрекет жоспары, сыйбалар. Оқытудың тиісті күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу шығармашылық сипаттағы қызметті болжамдайды;

- *бағалайды*: қандай да бір материалдың (пікірлер, көркемдік шығармалар, зерттеу деректері) маңызын бағалау қабілетінің бағасы;

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың оқу жетістігін бағалау өлшемшарттары тілдік пәндер бойынша қызметтің 4 түріне негізделген:

- *тыңдалым*: түрлі тақырыпта ауызша айтылғандардың негізгі мазмұнын түсіну; олардан негізгі ақпаратты айырып көрсету; айтушының пікірін тани білу; мәнмәтін бойынша сөздің мағынасын айқындау; түрлі стратегияларды қолдана отырып, білім алушылардың деңгейлеріне сәйкес мәтіндердің әр түрінің мазмұнын қабылдау және түсіну қабілетінің бағасы;

- *айтылым*: түрлі тақырыптардағы әңгімеде сөйлесудің ресми және сөйлеу стильдерінің сөздерін қолдану; қажет ақпарат алу үшін анағұрлым күрделі сауалдар қою; өз ойын білдіру; күтпеген түсініктерге пікір білдіру; күрдастарымен тапсырманы орындау барысында қарым-қатынас жасау; арнайы

лексиканы сауатты қолдану; тарихты және оқиғаларды қайта айтып беру қабілетінің бағасы;

- *оқылым*: түрлі тақырыптардағы көркемдік және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұндарын түсіну, олардың ішінен ақпаратты іздестірудің түрлі стратегияларын қолдана отырып түйінді ақпаратты айырып көрсету; мәнмәтін бойынша сөздердің мағыналарын анықтау; автордың қатынасын және пікірін тани білу; сөздердің мағынасын тексеру және оқылғанды түсінуін терендешту үшін қағаздағы және сандық дереккөздерді пайдалану қабілетінің бағасы;

- *жазылым*: түрлі тақырыптарға жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету; қазір болған және ойдан шығарылған оқиғалар туралы, оқылғанға сыни пікірлер жазу; орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей, барынша сауатты жазу; белгілі стильді ұстану; түрлі тізбексөздерді қолдана отырып, сөйлемдерді параграфтарға байланыстыру қабілетінің бағасы [8].

ЕБҚ бар білім алушыларды сапалы оқытуға тең қолжетімділік жағдайларын жасау одан әрі перспективада үлкен артықшылыққа ие. Бұл, ең алдымен, табысты әлеуметтік бейімделу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі. Инклузивті білім ала келе, ЕБҚ бар балалар ашық болуга үйренеді, коммуникацияның, қоршаған адамдармен өзара әрекеттесудің өмірлік қажетті дағдыларына ие болады. Ерте әлеуметтік инклузия аталмыш балалардың болашақта заманауи өмірге бейімделе алатынына сенімділіктің кепілі болып табылады.

Инклузивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері анықтамасы ретінде онсыз сапалы білім алу мүмкін болмайтын психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмекке мұқтаждықтары ретіндегі анықтамасын пайдалану ұсынылады.

Білім беру класификациясының халықаралық стандартында – МСКО-97 (ISCED-97 International Standard Classification of Education) ЭҮДҰ-ға мүше елдерден алынған (OECD) анықтама берілген: «Адамдардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері білім алуы үшін қосымша қоғамдық және/немесе жеке ресурстарды беру қажеттілігімен анықталады». ЕБҚ анықтамасына берілген аталмыш ресурстық көзқарас оқыту кезінде туындастын қындықтардың әртүрлі спектрі бар білім алушыларды біріктіреді. ЭҮДҰ ұсынымдарына сәйкес көптеген мемлекеттерде білім берудегі сәтсіздіктің объективті себептеріне сүйене отырып, ерекше қажеттіліктеріне байланысты балалардың үш тобынан құрылған категориялық жүйе пайдаланылады:

**1-топ.** Психикалық және дене дамуында түрлі бұзушылықтары бар балалар: көру, есту, сөйлеу, зерде, тірек-қозғалыс аппараты бұзушылықтары бар, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

**2-топ.** Оқытудағы ерекше қындықтары, мінез-құлыш және эмоциялық проблемалары бар балалар.

Зердесі қалыпты балалардың ерекше қиындықтары жеке оқу дағдыларын менгеруде байқалады: оқу, жазу және санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия т.б.). Бұл қиындықтар уақытша сипатқа ие және оны балаларға мамандардың тиісті көмегімен жоюға болады. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар ерекше психологиялық факторлардан (отбасында тәрбиенің бұзылуы, ата-ана мен баланың және отбасыншылік қатынастың бұзылуы), сонымен қатар дамуындағы ерекше проблемалардың болуынан (гипербелсенділік және толыққанды көңіл бөлмеуден, аутистикалық бұзылыстар спекторы және т.б., құрдастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасаудағы әртүрлі қиындықтардан (енжарлық, тұйықтық немесе жанжалдық, тіл алмаушылық, агрессивтілік) пайда болуы мүмкін.

**3-топ.** Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындаитын ерекше білім берілуіне қажеттілігі туындаитын балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған нашар отбасынан шыққан немесе бала тәрибесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі [9].

ЕБҚ бар балаларды мұндай топтарға бөлу мектепте білім алудында қиыншылықтары бар кез келген білім алушының назардан тыс қалуына жол бермейді.

ҚР инклузивті білім беру принциптерін енгізіп отырған жалпы білім беру педагогтерінің ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы психикалық және дене дамуында бұзушылықтары бар (мүмкіндігі шектеулі) бала ғана емес, сонымен қатар оқытуда қиыншылықтарға тап болған кез келген бала екенін түсінүлері маңызды.

Психикалық және дене даму бұзушылықтары жоқ екінші және үшінші топтағы білім алушылар көбінесе психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жүгінбейді және ол арқылы анықталмайды. Сәйкесінше, жалпы білім беретін мектеп білім алушылардың бұл топтарын да өз назарынан қалдырмай және оны уақытында анықтап, оларға көмек көрсетуі тиіс.

Жаңартылған білім беру мазмұн шеңберінде бейімделген немесе жеке бағдарламаның мазмұнына бағдарлай отырып, яғни білім алушының мүмкіндіктері ескеріле отырып, бағалау критерийлері өзгеруі мүмкін.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуіндің үлгілік қағидаларына» сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған немесе жекеленген тапсырмаларды қолдануға міндетті. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды және жеке оқу бағдарламасымен оқытын балаларды аттестаттау мәселесі білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес арқылы шешіледі.

Бағалау тәсілдері білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктеріне сәйкес өзгеруі тиіс. Формативті (ағымдағы) бағалау кері байланысты қамтамасыз етеді және педагогтің оқу материалын менгерудегі жеке қыындықтарға тез жауап беруін болжайды. Оқу материалының мазмұнын өзгерту және оқытуудың вариативті әдістерін пайдалану қажет болуы мүмкін [9].

Білім берудің барлық деңгейінің (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (бастауыш, негізгі орта және орта) окуда қыындықтарға тап болған білім алушылар үшін арнайы жағдайлар жасалады. Қазіргі уақытта еліміздің білім алында қыындықтары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен білім беру жүйесінде оқытуудың арнайы жағдайын құру барысында келесідей құжаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;
- оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (білім алушылардың оқу үлгерімі);
  - оқытуудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану;
  - оқулықтарды, оқу әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау;
  - оқыту формасын таңдау;
  - тосқауылсыз орта құру және оқыту орнына бейімдеу;
  - компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждық;
  - арнайы психологиялық-педагогикалық көмек (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтің (олигофренопедагогтің, сурдопедагогтің, тифлопедагогтің);
    - педагог-ассистентің көмегі;
    - әлеуметтік-педагогикалық көмек.

Білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттілігі білім алудың кез келген кезеңінде пайда болуы мүмкін.

*Оқытуудың нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту  
(білім алушылардың жетістіктері)*

Білім алушылардың оқу үлгерімін бағалау әдістерін төмендегі көрсетілген жағдайларда өзгерту қажет:

- білім алушы арнайы, бейімделген (қысқартылған) немесе жеке бағдарламамен оқытылған кезде;
- білім алушыларды оқытуда альтернативті әдісті қолданғанда.

Мұндай ерекше білім беру қажеттілігін қанағаттандыру ПМПК ұсынысы негізінде жүзеге асырылады: «жеке амал және баланың оқу үлгерімін бағалаудың вариативтілігі». Егер білім алушылар (ЕБҚ бар балалардың 2 және 3-тобы) үшін мектеп өз бетінше оқу бағдарламасын уақытша қысқарту туралы шешім қабылдаса, онда дәл сол Мектеп кеңесі баланың оқу үлгерімін бағалаудың нұсқауларын және жеке тәсілдемелерін ұсынады.

Педагог балалардың білім беру қажеттіліктерін зерттеген және түсінген кезде оқытууды саралау, оқу бағдарламасының шеңберін кеңейту мүмкіндігі пайда болады, тіпті үлгерімі төмен білім алушының да беделі көтеріледі. Сабак

түрлері мен оқыту әдістері әртүрлі болуы мүмкін және нақты сабактың мақсатына, тақырыптың ерекшелігіне байланысты, бірақ, ең бастысы, білім алушыларда қандай білім алу қажеттілігі бар екендігін білуі шарт.

Оқыту технологиясын таңдаудың тиімділігі мен оның ЕБҚ бар білім алушыларға бейімдеуді *рефлексия технологиясы* арқылы анықтауға және өлшеуге болады.

Білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, бейімделген (қысқартылған) немесе жеке бағдарламаның мазмұнына бағдармен бағалау критерийлерін өзгерту мүмкіндігі көзделеді. Зерде бұзылыстары бар білім алушыларды бағалау кезінде кез келген нәтиже оң болып саналады. Оқу жетістіктерін бағалауда жеке бағдарлама шеңберінде білім алушының прогрессіне баса назар аударылады.

Бағалау тәсілдері (рәсімдері) мен бақылау материалдарын өзгерту ықтималдылығы 1, 2-кестеде көрсетілген [9].

### **1-кесте – Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері (рәсімдері) мен бақылау материалдарын өзгерту**

<b>Оқытудың нәтижесін бағалау тәсілдерін (рәсімдерін) өзгерту</b>	
Мұғалімнің қайталаумен баяу, қысқаша, ауызша нұсқаулығы (жазбаша нұсқаудың орнына)	
Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру	
<b>Оқытудың нәтижесін бағалау тәсілдерін (рәсімдерін) өзгерту</b>	
1	Мұғалімнің қайталаумен баяу, қысқаша, ауызша нұсқаулығы (жазбаша нұсқаудың орнына)
2	Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру
3	Тапсырманы тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру
4	Планшет, ноутбукты қолдану арқылы бақылау тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беру
5	Басқа

### **2-кесте – Бақылау материалдарын өзгерту**

<b>Бақылау материалдарын өзгерту</b>	
1	Нұсқаулықты қайта құрастыруға бейімдеу: тапсырманы орындау кезеңіне сәйкес бірнеше бөлімге бөлу

## **2-кесте – жалғасы**

1	2
2	Бақылау тапсырмаларының санын азайту
3	Барлық сиынпқа арналған бақылау тапсырмаларынан өзгеше жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес)
4	Бақылау тапсырмасын орындаудың жеңілдететін иллюстративті және тірек материалдарды (кесте, сызба, үлгі, сөздік материалдар) қолдану
5	Басқа

Мұғалім білім мен іскерлікті нақты менгеру деңгейін, сондай-ақ оқу бағдарламасын менгерудегі проблемалар дәрежесі мен сипатын анықтау мақсатында барлық пәндер бойынша оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүргізеді. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша білім алушының қыындықтары анықталған оқу пәндері бойынша жетістіктер карталары толтырылады. Мұғалім сондай-ақ оқу жұмысында білім алушының қалауын белгілуі тиіс (қандай ақпаратпен жұмыс істеуді қалайды, қандай оқыту әдістері мен жұмыс түрлері білім мен дағдыларды барынша толық менгеруге ықпал етеді, ал күтілетін нәтижеге қол жеткізуге не ықпал етпейді т.б.) [9].

### **1 топ білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері**

*Естімейтін балаларга білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- есту қабілеті бұзылған балалардың жұмыс қарқыны баяу болғандықтан тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру қажет;
- кез келген жағдайда тапсырманы өздігінен орындауға басымдық беру ұсынылады;
- балаларды үнемі диалогқа, олардың нәтижеге жету процесі туралы талқылауға қосып отыру керек;
- әрекет түрін немесе тапсырманы ауыстыруды бала мұғалімді түсінгеніне көз жеткізу керек (мысалы, «не жасайтыныңды қайтала», «не жасау керектігін балаларға айттып бер»);
- сиынпта шудың қатты деңгейде болмауын қадағалау, оқу процесіне барлық балаларға пайдалы және есту қабілеті үшін тынығу болатын «ұнсіздік минутасын» қосу ұсынылады;
- ұсынылған материалдың негізгілерін бірнеше рет қайталап, есту қабілеті бұзылған/барлық балаларды қайталату жөн;
- сұрақтарды балалар түсінетіндей, мәнін ұғынатында анық, қысқа қойып, жауап беруге асықтырмай, ойлануға уақыт берген тиімді;

- оқу процесінде иллюстративті материалды кеңінен қолданыңыз;
- есту қабілетінің бұзылысы бар баланың сөйлеушіге бұрылуға мүмкіндігі болу керек (дыбыстық ақпаратты көру арқылы қабылдау). Бұл тәртіп бұзу емес, қажеттілік;
- сабакта диалог/полилог түрінде әңгіме барысында естімейтін баланың назарын сөйлеушіге аударту (оларға бұрылып қарау ережесі) – бұл сөйлеу тілін қабылдаудың (есту және есту-көру арқылы қабылдау) тиімді жағдайы [10].

*Естімейтін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:*

- естімейтін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;
- есту қабілеті бұзылған білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға болады;
- жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болады;
- естімейтін білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;
- тілдік пәндер бойынша тындалымға арналған тапсырмаларды білім алушының сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктерін есепке ала отырып басқа тапсырмалармен алмастыруға болады;
- айтылымға арналған тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын білім алушының психикалық және тілдік дамуына байланысты өзгертуге болады;
- қажет болған жағдайда (ата-ананың немесе білім алушының қалауы бойынша) арнайы құрылғыларды (ұжымдық қолдануға арналған дыбыс күшеткіш аппаратуrasesы, жеке есту аппараттары және басқа) қолдану ұсынылады;
- естімейтін білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайды мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

*Нашар еститін білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- есту қабілеті бұзылған баланың білім беру ұйымының тәртібіне, оның білім беру ортасына бейімделу процесінде жеке және жас ерекшеліктерін міндетті түрде ескере отырып сабактастық, бірізділік, біртіндеп беру принциптерін сақтау қажет;

- педагогтерге мұндай баламен қарым-қатынаста барлық мүмкін және қолжетімді құралдарды қолдану қажет: ауызша сөйлеу тілі, табиғи ым-ишара мен мимика;

- педагогтер мен мамандарға мұндай баланы айналадағылар қабылдау үшін, қарым-қатынасқа және әртүрлі әрекет түрлеріне қосу үшін арнайы жұмыс жүргізу қажет.

*Нашар еститін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:*

- нашар еститін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

- есту қабілеті бұзылған білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға болады;

- жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болады;

- нашар еститін білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

- қажет болған жағдайда (ата-ананың немесе білім алушының қалауы бойынша) арнайы құрылғыларды (ұжымдық қолдануға арналған дыбыс күшейткіш аппаратуrasesы, жеке есту аппараттары және басқа) қолдану ұсынылады;

- нашар еститін білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

*Көзі көрмейтін білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- көрмейтін балалардың жұмыс қарқыны баяу болғандықтан тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру қажет;

- бала сипап сезу немесе естіп сипап сезу арқылы үйренеді, сондықтан оған заттарды ұстап көру мүмкіндігі берілу керек;

- көру бейнелерінің кедейлігі мен сыйбалығының орнын толтыратын түсіндімелер санына назар аудару ұсынылады. Бұл жағдайда түсіндімелер, сипаттамалар, нұсқаулардың нақтылығына ерекше көңіл бөлу керек;

- заттарды/суреттерді көрсетуді сөздік нұсқаумен немесе сипаттамамен бірге жүргізу керек;

- затпен және объектімен таныстыруда сабактың қарқынын төмендету

керек. Себебі көрмейтін балаларға тапсырманы қабылдауға, есте сақтауға, түсінуге ұзағырақ уақыт керек;

- сипап сезуге байланысты материалды ұсынғанда көруге берілген тапсырмамен салыстырғанда орындау уақыты 2-3 есе артатынын ескеру керек;
- сабак барысында көру қабілеті бұзылған бала кім сөйлеп жатқанын түсіну үшін әрбір білім алушыны атымен атаған жөн;
- мұғалім балаларға түсіндірген тақырыптарды көрмейтін бала қайта тындау үшін магнитофон/диктофонға жазып алу ұсынылады.

*Нашар көретін балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- баланың көру жағдайы туралы офтальмолог дәрігердің қорытындысымен танысу керек. Егер көзілдірікті үнемі тағу жазылса, баланың сол талапты орындаудың қадағалау керек;
- баламен терезенің маңында жарыққа қарама-қарсы тұрып сөйлесу ұсынылмайды;
- педагогқа көру қабілеті бұзылған бала жақсы қабылдайтын ашық түсті киім кию ұсынылады;
- көру қабілеті бұзылған балалардың жұмыс қарқыны баяу болғандықтан, оларға тапсырма орындауға көбірек уақыт берген жөн;
- трафаретпен сурет салу, штрихтеу, микрокеңістікте (қағаз бетінде) бағдарлау дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу ұсынылады;
- әрекет түрлерін алмастыруда көздің шаршауын басу үшін жаттығуларды қолдану, көзге тынығу болып табылатын динамикалық үзілістерді оқу-тәрбие жұмысына қосу ұсынылады;
- көрнекі және үлестірмелі материал үлкейтілген, түсі мен бейнесі бойынша жақсы танылатындей болу керек;
- көру қабілеті бұзылған балаларға көру арқылы қабылдау, есте сақтау, тапсырманы түсіну, қайта қарау үшін көбірек уақыт қажет болғандықтан объектпен таныстыру барысында сабактың қарқынын төмендету ұсынылады;
- көру қабілеті бұзылған балалардың біртіндеп көріп қабылдауы басым болғандықтан материалды түсіну уақыты кемінде екі есе ұзартылады (нормамен салыстырғанда). Сондықтан сабакты жоспарлауда осы ерекшелікті ескерген жөн;
- көру қабілеті бұзылған балаларда көбіне қозғалыс үйлестіруінің қыындықтары, тапсырманы орындауда көз бен қолдың қозғалыстарының келісімділігі бұзылады. Сондықтан графикалық тапсырмаларды орындауда дәлдік пен сапасы емес, оның дұрыстығы бағалануы керек;
- көру қабілеті бұзылған балаға сабак барысында көрсетілген материалды келіп қарауға мүмкіндік берілу керек. Суреттер үлкейтіліп беріледі;
- көру қабілеті бұзылған бала сабакта кім сөйлеп жатқанын түсіну үшін әрбір білім алушының атын атау ұсынылады.

*Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін, нашар көретін) білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:*

- көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сарапанып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;
- көру қабілеті бұзылған білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға болады;
- жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болады;
- көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;
- қажет болған жағдайда арнайы құрылғыларды (арнайы тифлотехникалық және оптикалық құралдар, цифрлік аудиожазба және басқа) қолдану ұсынылады;
- көзі көрмейтін білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі (ауызша, жазбаша: болған жағдайда Брайль құралдарында, Брайль баспа машинасында, көзі көрмейтіндерге арналған арнайы программалық жабдықталған компьютерде және басқа);
- нашар көретін білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу әрекетін женілдететін құралдарды (жеке оптикалық түзету құралдары, электронды үлкейткіш әйнектер, әртүрлі үлкейткіштер және т.б.) қолдана отырып жүргізіледі;
- көру қабілеті бұзылған білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

*Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- тапсырманы ұсына отырып, сабакта әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында бір баланың белсенді және әлеуетті мүмкіндіктеріндегі айырмашылықтарды есепке алу қажет;
- балалар мәнін түсіну үшін сұрактарды анық, қысқа етіп қойып, жауабын беруге асықтырмай, ойлануға уақыт беру керек;

- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға тән тез шаршауды болдырмау үшін бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстыру, әртүрлі әрекет түрлерін қолдану маңызды;
- әртүрлі көрнекі құралдарды білім беру міндеттеріне сәйкес тиімді пайдалану ұсынылады;
- баламен көбірек сөйлесіп, барлық әрекеттерді, айналадағыларды айта отырып, бір сөздерді қайталауга қорықпай, оларды анық, сабырмен, мейірімділікпен айту керек.

*Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:*

- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуді қарастырады;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушының жеке психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға, жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болатындай уақыт тәртібін өзгертуге болады;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сарапанып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлерін және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады;
- тілдік пәндер бойынша әрекет дағыларына (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) арналған тапсырмаларды бағалауда сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушының сөйлеу тіліндегі өзіндік бұзылыстарды (сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуінің деңгейі, ринолалия, тұтығу т.б.) есепке алу қажет.

*Tірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған білім алу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- бір сабак шенберінде іс-әрекеттің динамикалық өзгеруі қорғаныс режимін (тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылармен психикалық

процестердің сарқылуын болдырмау, оның белсенді көңіл-күйін сақтау т.б.) жүзеге асыруға және баланың белсенді ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- әрбір білім алушыға жеке ортопедиялық режимді сақтау (әртүрлі ортопедиялық құралдармен серуендеу, қолдар мен саусақтардың орналасуын түзету, басын тұрақты ұстау т.б.) үшін оңтайлы қозғалғыштығын қамтамасыз етеді;

- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың сөйлеу мүмкіндігі аурудың клиникалық көріністеріне ғана емес (гипертония, гипотония, дистония, гиперкинезия, апроксия), сондай-ақ оның эмоционалдық жай-күйіне, денесі мен басының жазықтықтағы орналасуына, сыртқы әсерлерге де байланысты (сенсорлық және эмоционалдық ынталандырулар). Коммуникативті мінезд-құлықтың маңызды құрамдас бөлігі – балаға қолжетімді коммуникативтік құралдарды: «көз контактісі» жүйесі, пантомима (ым-ишара, бет әлпеті, пантомима), паралингвистикалық (вокализация, интонация), сөйлеуді менгеру және тәжірибеде қолдану болып табылады.

*Tірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:*

- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуді қарастырады;

- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушының жеке психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға, жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болатындей уақыт тәртібін өзгертуге болады;

- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мүғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлар жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады;

- қажет болған жағдайда тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыға физикалық және техникалық көмек көрсететін асистенттерді, сондай-ақ арнайы құрылғылар мен техникалық құралдарды қарастыру ұсынылады;

- тілдік пәндер бойынша тыңдалым мен айтылымға арналған тапсырмаларды бағалауда тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушының сөйлеу тіліндегі өзіндік бұзылыстар (интонациялық мәнерліліктің жеткіліксіздігі, қарқынның баяулығы мен бірқалыптылықтың болмауы т.б.) дамуының ерекшеліктерін есепке алу қажет;

- жазылымға арналған тапсырмаларды тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушының моторлы даму ерекшеліктеріне байланысты өзгертуге немесе басқа тапсырмалармен алмастыруға болады.

*Психикалық дамуы тежелген балалардың білім беру процесін үйімдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар:*

- балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, жақын және жуық даму аймағы туралы есте сақтау қажет;

- көбірек ұнататын әрекет түрлерін іріктеу ЕБҚ бар балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру жағдайларын оңтайландыруды ескере отырып жүргізіледі. Оқу процесіне қабылдауды, талдау жасай отырып бақылауды, ойлау операцияларын (талдау және жинақтау, топтау және жіктеу, жүйелендіру), әрекеттер мен біліктерді дамытуға арналған тапсырмаларды қосу мақсатқа сай болады;

- тапсырманы ұсына отырып, сабакта бір және сол баланың өзекті және әлеуетті мүмкіндіктері әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет;

- балалар түсінуі, мазмұнына жетіп ойлануы үшін сұрақтарды дәл, қысқа қою қажет, бұл ретте оларды жауап беруге асықтырмай, ойлануға уақыт беру керек;

- ПДТ балаларға тән тез шаршауды болдырмау мақсатында балаларды бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстырып отыру, сабак түрлерін түрлендіру, әртүрлі әрекет түрлерін пайдалану дұрыс болады;

- әрекет түрлерін немесе тапсырмаларды ауыстырған кезде баланың мұғалімді түсінгеніне көз жеткізу қажет;

- білім беру міндеттеріне сәйкес әртүрлі көрнекі материалдарды ұтымды пайдаланыңыз;

- ПДТ бар бала үшін оған қажетті көрнекі тіректерді пайдаланыңыз, танымдылық пен бастамашылықтың кез келген көрінісін қолданыңыз, көтермеленіз;

- балаға қатысты әртүрлі педагогикалық шараларды пайдаланыңыз: ПДТ бар балалардың қызығушылықтары, әдетте, санаулы бағытта, тұрақсыз болып келеді; қажетті ықпал ету шарасын үнемі тез табу мүмкін бола бермейді – баланың оған бейімделуіне байланысты бір және дәл сол шара өз күшін жояды;

- баланың оқудағы жетістіктерін оның танымдық дербестілікке, танымдық қызығушылыққа қарай бағалаңыз;

- ПДТ бар балалармен жұмыс істеген кезде ерекше педагогикалық тakt көрсетіңіз – балалардың ең аз жетістігін ескеру және көтермелесу қажет, оның өз күші мен мүмкіндігіне деген сенімін дамыту қажет, жағымды эмоционалдық көңіл-қүйін қолдау керек;

- балалардың әрекетін бағалаған кезде жеке тәсілдемелерді пайдаланыңыз: егер ол тапсырманы жақсы орындаса, баланы міндетті түрде көтермеленіз, бір нәрсені нашар орындаған балаларға ешқандай сөгіс айттып, жазғыруға жол берменіз;

- бала еңбегінің нәтижелерін басқа балалармен салыстырып бағаламаңыз. Нақты баланың өз алдына әрбір жеке үмтүлісін көтермелесу және соңғы нәтижені ғана емес, сонымен қатар танымдық процесті, баланың әрекетін, оның дамуындағы динамиканы бағалау да маңызды.

*Психикалық дамуы тежелген білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізу тәртібін үйымдастыру бойынша ұсынымдар:*

- ПДТ бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар арнайы әзірленген дифференциалды тапсырмаларды; жиынтық жұмыс тапсырмаларын пайдаланып жүргізіледі, бағалау өлшем шарттары мен дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін маманмен бірлесіп әзірлейді;

- ПДТ бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізудің уақыт режимін білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып көбейтуге болады;

- жиынтық жұмыс жүргізген кезде, қажеттілігіне қарай білім алушыға демалу немесе басқа да қажетті іс-шаралар үшін шамалы үзіліс беруге болады;

- ПДТ бар мектеп оқушыларына арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру, оқу тапсырмасын қабылдау, орындау кезеңдерінде эмоционалдық қолайлы климат орнату және қолдау мақсатында қажеттілігіне қарай психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін маманның қатысуына рұқсат етіледі;

- тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын білім алушының психофизиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты өзгертуге болады;

- қажет болған жағдайда қосалқы құралдар мен көрнекі материалды (калькулятор, формуулалар, таблицалар және т.б.) қолдануға рұқсат етіледі;

- ПДТ бар білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпыға танымал өлшемшарттарды да, сонымен қатар психофизиологиялық жай-күй мен даму ерекшеліктерін ескеретін өлшемшарттарды да ескере отырып жүзеге асырылады.

*Ақыл-ой кемістігі бар балалардың білім беру процесін үйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

Ақыл-ой кемістігі (женіл және орташа) бар білім алушыларды оқыту арнайы Үлгі оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жузеге асырылады, олардың мазмұны МЖБС талаптарын орындауға бағдарланған. Бұл білім алушыны білім беру процесіне қосқан кез келген жағдайда: арнайы сынып жағдайында да, кәдімгі сынып жағдайында да орын алады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыны кәдімгі сыныпқа қосқан кезде мектептің педагогикалық кеңесі осындай білім алушы үшін жеке оқу жоспарын және ақыл-ой кемістігі (женіл және орташа) бар білім алушыларға арналған Үлгі оқу жоспары мен бағдарламаларының негізінде құрастырылған жеке оқу бағдарламаларын бекітеді.

Оқу пәндері бойынша үлгі бағдарламалар білім алушының жеке тұлғасын жан-жақты дамыту үшін, олардың зияткерлік, эмоционалдық-ерік қызметінің кемшиліктерін коррекциялау үшін және оларды кәдімгі әлеуметтік орта жағдайларында қоғамдық пайдалы еңбек әрекетіне дайындау үшін, кәсіби-еңбек біліктілігін одан әрі жетілдіру үшін қажетті материалды қамтиды.

Мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамыту ортасы ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс (демалу, қозғалыс белсенділігі, санитарлық-гигиеналық рәсімдер т.б. үшін жайластырылған кеңістік қажет).

*Женіл ақыл-ой кемістігі* бар оқушыларды 1-4 сыныптарда оқыту бастапқы оқу, жазу, есептеу дағдыларын, қарапайым еңбек дағдылары мен біліктілерін қалыптастыру мен дамытуды, адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуді қамтамасыз етуге арналған. 5-9 сыныптарда – білім беру пәндеріне қарапайым оқыту, еңбекке және кәсіби оқыту, тұлғаның азаматтық және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жүзеге асырылады.

Женіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытудың коррекциялық-дамыту бағыттылығы оқытудың арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте: ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, қорытындылайтын және абстракциялайтын ойлау функцияларының төмендігі, сөйлеу тілінің дамуында кенже қалушылығы ескеріледі. Білім алушылармен жұмыс істеген кезде олардың еліктегіш қабілеттеріне, сақталған көрнекі-әсерлі ойлау қабілетіне сүйену керек. Ғылымдардың негізіне оқыту білім алушыларда қабылдау, жад, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық функцияларды дамыту үшін жағдай жасайды. Бұл ретте бастаған жұмысты соңына дейін жеткізу, шамасы жететін қындықты жену, ұқыптылық пен дербестілік көрсету білігін қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады.

Білім алушылардың қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап күрделі әлеуметтік дағдыларға, көзқарастарға, сенімдерге дейін қоса алғанда, әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормаларын, өмірлік дағдыларды менгеруі бойынша арнайы педагогикалық жұмыс көзделеді.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеу тілін, ойлау қабілетін, қарым-қатынас жасауын дамытуда спецификалық проблемалар орын алады, олар мүмкіндігіне қарай әрбір нақты жағдайда, оқыту мен әлеуметтендіруде табысқа жеткізу үшін педагогикалық құралдардың көмегімен орны толтырылады. Қажет болған жағдайда оқушы логопедтің көмегін алуға тиіс. Сыныпта мұғалім берген нұсқаулар мен түсіндірулер қысқа, нақты болуы тиіс. Олар іс-әрекетті көрсету, жұмыстың орындалу үлгісі арқылы бекітілу керек. Білім алушыларға оқу тапсырмасын орындаудың бастапқы және соңғы кезеңінде көмек көрсетуге болады. Білім алушының жұмыс қабілеттілігі мен зияткерлік мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу тапсырмасының көлемі мен құрделілігін мөлшерлеу қажет.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінде заттық-практикалық әрекетті пайдалану керек, ол оқу материалын түсіну үшін жағдай жасайды. Бұдан басқа заттық-практикалық әрекет жоғары психикалық функциялардың сенсомоторлық негізін (қабылдауды, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін) дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жетіспеушілігін толтыруға, жалпыға бірдей білім беру пәндері бойынша білімді, білікті және дағдыларды менгеруге мүмкіндік береді.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балалардың зияткерлік тұрғыдан терең жетілмеуі, бұзылған сөйлеу-ойлау функцияларының жеке көрініс табуының едәуір нұсқаларының болуы білім мен дағдыларды қалыптастыру кезінде оларда елеулі қындықтар тудырады. Бір сыныптың білім алушыларын оқытудың табыстылығы менгерілген дағдылардың қарқыны мен көлемі бойынша біршама ерекшеленеді, бұл барлығын бір қарқынмен, бір тақырыптың шенберінде оқыту мүмкін еместігін көрсетеді. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған үлгі оқу бағдарламаларының мазмұны ұсынымдық сипатқа ие, педагог әрбір білім алушы сыныптың оқу мазмұны мен қарқынына оның мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес кез келген өзгерістер енгізуге құқылды. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жетістіктерін бағалау үшін оқушының жеке оқыту бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер өлшемшарт болып табылады.

*Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалауға ұсынымдар:*

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдарының көмегімен ғана жүзеге асырылады. Оқу бағдарламаларын (оның ішінде жеке бағдарламалар) менгеру нәтижелерін мұғалім сабакта білім беру процесі барысында бағалайды. Білім алушылар оқытын Үлгі оқу бағдарламаларында қалыптастырылған оқу мақсаттары немесе жеке оқу бағдарламаларында бекітілген оқу мақсаттары бағалау өлшемшарттары болып табылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабак сайын), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды

бақылау түрінде жүргізіледі. Ағымдық бақылау жүргізу үшін педагог білім алушының сабактағы әрекетін күн сайын бақылайды, ауызша жауаптарына, практикалық және жазбаша жұмыстарына талдау жасайды. Сабак сайын бақылау мұғалімге оқу материалының мазмұнын және оны білім алушыларға түсіндіріп жеткізу әдістерін тандауға көмектесуге тиіс, олар білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Сабак сайын бақылау да білім алушыға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың сонында жүргізіледі. Қорытынды тексеру жұмысының мазмұнын мұғалім білім алушылардың әртүрлі мүмкіндіктері деңгейіне сүйене отырып анықтайды. Педагог оқу жылы ішінде әр білім алушының даму динамикасы мен жетістіктеріне талдау жасайды. Пән бойынша оқу бағдарламасының әртүрлі бөлімдерінде қол жеткізген жетістіктер қорытынды жетістіктер карталарына тіркеу жазылады.

Олардың көмегімен дағдылар қалыптасқан тапсырмалар мен жаттығулар сабак сайын, кезеңдік және қорытынды бақылау жүргізу үшін бағалау құралдары болып табылады.

Жалпы алғанда зерде бұзылыстары бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жүйесі проблеманы шешудің келесі тәсілдерден тұрады:

- *тұлғага бағдарлық тәсілдеме*, оның құрамына түрлі типологиялық топтардағы білім алушылардың оқу материалын оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік критерилерін қолдану мен менгеру мүмкіндіктерінің біртексіздігін ескеру кіреді;
- *іс-әрекеттілік тәсілдеме*, балаларға түрлі қолжетімді өнімді іс-әрекет түрлеріндегі мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтауды көздейді;
- *денсаулық сақтау тәсілдеме*, ол бағалау жағдайында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру арқылы білім алушылардың психологиялық-соматикалық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

Білім беру үйымдары білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттауды өткізуудың нысандарын, тәртібін және кезеңділігін тандауда дербес құқыққа ие. Ішкі бағалаудың мақсаты – әртүрлі типологиялық топтардағы білім алушылардың бағдарламалық мазмұны мен мүмкіндіктеріне байланысты мақсаттарға сәйкес білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелеріне нақты жетістіктерінің сәйкестігін анықтау. Ішкі бағалау педагогикалық диагностика мәліметтері негізінде жоспарланған білім беру нәтижелеріне жетуді жүйелі бақылауды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық диагностика – оқыту процесінің жағдайын және оның нәтижелерін зерделеу, соның негізінде оқыту мен бағалау процестерінің сапасын арттыру мақсатында оларға түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін ерекше әрекет түрі. Диагностикалауға бақылау, тексеру, бағалау, мәліметтер жинақтау, оларды зерделеу жатады; оларға қол жеткізу әдістері арқылы нәтижелерді қарастырады, дидактикалық процестің үрдісі мен динамикасын

анықтайды. Диагностикалауға білім алушылардың білім деңгейі, әлеуметтік және психикалық даму деңгейі жатады, бұл оқу-тәрбие процесінің үш функциясына: оқыту, тәрбиелу және дамыту сәйкес келеді.

Бақылау материалдарының мазмұны түрлі типологиялық топтардың ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың мүмкіндіктерін ескеретін деңгейлік мақсат белгілеумен анықталады.

Оқу бағдарламаларының менгерілу нәтижелерін ішкі бағалау білім беру барысында тікелей мұғаліммен сабак үстінде жүргізіледі. Ол ағымды (сабак сайын), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде көрініс береді.

Ағымды бақылауға жататындар: білім алушылардың сабактағы қызметін жүйелі бақылау, практикалық және өзіндік жұмыстарды, қызметтің ұжымдық түрлерін талдау. Сабак сайын жүргізілетін бақылауды түрлі типологиялық топтардағы білім алушылардың танымдық және оқу қызметінің процесін түзеу үшін өткізіледі. Бақылаудың ондай түрі сонымен бірге, белсендендіруші және тәрбиелік сипатына ие.

Мерзімді бақылау бағдарламалық тақырыпты, тарауды зерделеп болған соң өткізіледі. Тақырыптық бақылау білім алушылардың белгілі тақырыпты (тақырыптарды) менгеруін тексеру және бағалау мақсатымен өткізіледі. Тақырыптық бақылауды жүргізіп отырғанда, білім алушылардың жетістіктері жеке элементтер бойынша емес (сабак сайын жүргізілетін бақылауға ұқсатып), тұтас оқу тақырыбының (тақырыптарының) құрылымы мен мазмұнына сәйкес келетін оның тұтас қисынды жүйесінде бағаланады.

Бақылаудың негізгі түрлері ауызша, жазбаша, практикалық нұсқаларында және олардың үйлесімділігінде орындалады. Бақылау нұсқаларының таңдалуы оқу пәнінің мазмұнына және өзіне тән ерекшелігіне, ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың типологиялық және жеке ерекшеліктеріне тәуелді. Бақылауды іске асыру үшін бақылаудың ауызша, жазбаша және практикалық нұсқалары немесе олардың үйлесімділігі білім беру процесінің сапасы және окушылардың оқу қызметіндегі нәтижелер туралы анағұрлым объективті ақпарат беруге қабілетті болатын әдістер мен құралдар қолданылады. Олардың қатарында аталағындары: ауызша және жазбаша тапсырмалар, окушылардың практикалық қызметі, жағдаяттық есептер. Тестердің қызмет түрі ретінде білім алушыларда бар дағдыларды іске асыруды қыынға түсіретін икемді ой қызметін білдіруді талап ететіндей, шартты болуына байланысты, оларды қолдануға ұсыныс жасалмайды.

Зерде бұзылыштары бар білім алушылардың оқу материалын менгерудегі жыл соңындағы кез-келген жетістіктері, ең елеусіздері де, он деп қабылданады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар екінші оқу жылына қалдырылмайды. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың мектептегі оқуы қорытынды аттестаттаумен емес, еңбекке баулу боуынша емтиханымен аяқталады. Білім алушылар бітіруші емтихандарынан белгіленген тәртіpte босатылуы мүмкін.

Осылайша, ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқытудағы саралау, деңгейлеу көзқарастары, педагогикалық саралауға сәйкес, тұтастықтағы білім беру процесінің барлық кезеңдерінде, білім алушылар жетістіктерін бағалау кезеңін қоса іске асырылуы тиіс. Қарастырылып отырған санаттағы балалардың даму деңгейіне сайма-сай келетін, өздігінен баланың дағдылары мен икемдері аясындағы табыстарына қатысты деп педагогикалық есептілікті білдіретін сипаттаушы баға болып табылады. Оның мінездемемен де (икемдердің деңгейін сипаттайты), ұсыныс затпен де (бақылаудағы өзгерістердің саны мен сапасы туралы пікірі бар) ұқастықтары көп болғанымен, олардың қатарына жатпайды. Сипаттаушы бағаға берілген осы анықтамадан оның негізгі – диагностикалық функциясы бастама алады. Бұл кезде айқын ақыл-оюы кемістігі бар баланың ата-анасы үшін баланың дамуы мен жетістіктері туралы осындай жазбаша ақпарат болып табылатын сипаттаушы баға, баланың мектептегі қызметінің мазмұны туралы ақпарат беретін жалғыз құжат болады. Сипаттаушы бағаның негізінде ата-аналар баланың мектептегі қызметтің барлық түрлеріне қосылатынын, оқу үлгерімі ең төмен оқушымен де жұмыс жасап, нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болатынын көруі тиіс. Ата-аналарда осы жұмысқа қосылу ынталын ояту қажет. Сипаттаушы баға ақыл-ой кемістігі бар білім алушының ата-анасына қатысты оқу-терапевтикалық қызметін атқарады.

Сипаттаушы баға:

- белгілі уақыт кезеңіндегі білім алушының жұмысына қорытынды шығарады;
- алдында сипатталған деңгеймен салыстырып, жеткен деңгейдің сипаттамасын береді (яғни өзгерістердің динамикасын сипаттайты: он, теріс немесе оның жоқтығы);
- он баға болуы тиіс, бұл жағдайда өз баласының бейнесі туралы жалған пікірде қалмауы үшін, оқушыны объективті бағалайды;
- жалпылама немесе сұлбалы сипатта болмай, нақты және жеке болуы тиіс [11].

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негізі ретінде Түзөу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының арнаулы мектеп зертханасында әзірленген оқу пәні шенберіндегі оқу процесін жобалаудың технологиясы шығады, ол осы уақытта елдегі арнаулы мектептердің жұмыс тәжірибесіне енгізіліп отыр.

Педагогикалық жобалау дегеніміз – бұл өзінің мақсаты қатарында мұғалім мен білім алушының жоспарланған білімділік нәтижеге жеткізетін түбегейлі ерекше қызметтерін ұсынуды өзінің міндеті ететін педагогикалық процестің сипаттамасына көзқарас.

Жоба дегеніміз – бұл оның келесідей барлық құрамдастарының мазмұнын ашатын педагогикалық процестің болжамды ұлғісі, олар:

- мақсаттар;
- оқу мазмұны;

- педагогтің қызметі;
- оқушылардың қызметі;
- педагогикалық диагностика;
- жетістіктерді бағалау.

Оқу процесі жобалау кезеңдерімен: алдымен оқу курсының деңгейінде, кейін оқу тақырыбы деңгейінде және соңында, сабак деңгейінде орындалады.

Пән бойынша оқу процесінің жобасын түзудің бастауыш сәті мақсат белгілеу немесе оқу бағдарламасының әрбір кезеңі үшін оқу мақсаттарын анықтау болып табылады. Бұл кезеңде педагог окудағы шағын мақсаттарын түрлендіріп отырып, бағдарламаның мазмұнымен жұмыс жасайды. Технологиялық көзқарасында мақсаттың операционалды белгіленуі қолданылады, ол кезде білім алушылардың игеруіне жататын білімдер мен икемдер (білім алушылар сырттай білінген қызметі арқылы) көрсетіледі. Мақсаттың осылайша көрініс табуы нақты, диагностикалық талапқа сай, одан оған жетудің тексеру амалы түсінікті. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардан оқу процесінде бірдей оқу жетістіктерін күту мүмкін болмағандықтан, мақсаттар оқу материалын менгеру деңгейлеріне сәйкес белгіленеді. Бұл оқу процесінде білім алушыларға саралап және деңгейлеп келуді орындауға жол ашады.

Денгейлеп мақсат белгілеу негізі ретінде Б. Блумның оқу мақсаттарының таксономиясын алуға болады. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты алдыңғы үш деңгей қолданымды: «тану», «түсіну», «қолдану». Бұл деңгейлер ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуда қолданылатын әдіснамалық көзқарастармен үндесіп отыр, олар П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезеңімен қалыптастыру теориясына негізделген. Осы теорияға сәйкес жаңа түсінікті енгізуін алғашқы кезеңінде (жаңа материалды зерделеудің) орындалып отырған әрекеттерді дауыстап ауызша сөзben ілестірумен (дыбыстаумен) ілесетін пәндік-практикалық қызмет жайып көрсетіледі. Білім алушылар сабакта мұғалім соңынан көрсетіліп отырған әрекеттерді қайталап отырып жұмыс жасайды. Бұл кезеңде түсініктер, терминдер жаңа сөздер оқушылардың пассив сөздігіне қосылады. Келесі кезеңдерінде, П.Я. Гальпериннің теориясына сәйкес, пәндік қызмет бара-бара қысқарып, сырттай сөз ішкі жоспарға ауысады. Бұл кезеңде түсініктер, терминдер, жаңа сөздер оқушылардың белсенді өзіндік сөз қорына аударылып, шындалады.

Бара-бара білім алушыларда әрекеттер мен түсініктердің бейнесі қалыптасады.

Сонымен, оқу мақсаттарының бірінші санатына «тану» шығады. Бұл танудың бастапқы кезеңі. Осы кезеңде білім алушы ұғымдарды (зерделеу объектілерін) тануға, танып білуге және ажыратуға қабілетті болады.

Оқу мақсаттарының келесі санаты «түсіну» деңгейі – ол зерделеніп отырған материалдың ішкі байланыстарын ұғыну, терминдерді, ережелерді және белгілерді қолдануды көздейді.

«Қолдану» – бұл оқу материалын менгерудегі келесі қадам, ол менгерілген түсініктердің, ережелердің, қағидаттардың ұқсас оқу жағдайындағы дұрыс қолданысын көздейді.

Оқу материалын, сонымен бірге оны турлі типологиялық топтағы білім алушыларға жеткізу әдістерін, амалдарын, тәсілдерін жекелеп іріктеу балалардың білімдерді және икемдерді менгеруі, оларда қалыптасқан дағдылары туралы мәліметтердің негізінде орындалуы керек. Ол үшін мұғалім өз білім алушыларын үнемі зерделеп, олардың оқу жетістіктеріндегі динамиканы педагогикалық диагностика (бақылау) арқылы қадағалап отыруы тиіс.

Мақсат тұжырымдамасында тіркелген оқудың жоспарлы нәтижелері оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша сараланады. Оларға сәйкес әр оқу тақырыбы үшін бақылау өлшемдері әзірленеді. Өлшемдер ретінде зерделеу объектілерін танып білу, сипаттау, түсіндіру және түрлендіру бойынша пәндік, белгі, сөзді, ой әрекеттері мен операциялары шығады. Оқу материалын танып білу және өндөу, оны таныс және бейтаныс жағдайда менгеру және қолдану білім алушылардың оқу міндеттерін орындау барысындағы танымдық дербестігінің дәрежесімен де сипатталады. Бұл факт басқалары секілді, бағалаудың бір критерийі болып табылып, білімділік нәтиже ретінде қадағаланып, тіркеледі. Оқу жетістіктеріне диагностика балалармен сабактағы әдеттегідей жұмыс барысында, тақырыпты зерделеу аяқталған соң орындалады. Ол сабакта мұғалім оқу материалын қайталауды ұйымдастырады, содан кейін орындау амалдарына мектеп білім алушыларының назарын аудара отырып, қадағалаушы-диагностикалық тапсырмаларды ұсынады (дербестік дәрежесі) және балаға көрсетілген көмек түрлерін ескереді.

Осындай диагностика ықшам, жүйелі, уақыты бойынша қысқа болып табылады, бірақ ол мұғалімге оқу процесін түзеу үшін қажетті мәліметтерді береді [11].

*Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен рәсімдері*

Зерде бұзылыстары бар мектеп оқушыларының білімділік қажеттіліктерінің бірі оқу материалының мазмұнының әр оқушының танымдық мүмкіндіктеріне және оның шынайы оқу жетістіктеріне сәйкестігіне үдайы қадағалау болып табылады. Оқу материалының сәтті менгерілуін және білім алушылардың өмірлік дағдыларының қалыптасуын ретімен қадағалауды іске асыру маңызды. Педагогпен бағалау ресімдері көмегімен алынып отыратын ақпарат дағдыларды және икемдерді игеру процесінде туындаудың қыыншылықтарына дер кезінде және сайма-сай әсер етуге көмегін тигізеді. Педагог сыныпта жеңіл ақыл-ой кемістігі бар мектеп білім алушыларына берілетін жеке көмектің мазмұны мен амалдарын негізден анықтауға, сонымен қатар жеңіл ақыл-ой кемістігі бар мектеп білім алушыларын оқытудың жеке бағдарламасына түзеулерді енгізуге мүмкіндік алады.

Бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптар осы санаттағы білім алушылардың оқуындағы гуманизация, табиғатқа үйлесімділік идеяларының әсерімен туындаған. Сипаттау бағасы даму мен білімділігінің бар деңгейін ғана емес білім алушымен жүргізілетін келесі қадамдарды да анықтайды. Дәл осы сипаттау бағасы мектеп білім алушыларының бойында өзін-өзі сайма-сай бағалау дағдыларын қалыптастыруға мүмкінді береді. Бұл кезде білім алушылардың жетістіктерін салыстыруға жол беруге болмайды. Білім алушының жетістіктерін тек оның алдындағы жетістіктерімен ғана салыстыру керек. Зерде бұзылыстары бар балаларға қатысты жалпы білім беретін мектептерде қабылданғандай үлгерім және білім сапасы пайызын анықтау орынды емес [11].

Білім беру класификациясының халықаралық стандартына сәйкес **ЕБҚ бар балалардың 2-тобына** оқытудағы ерекше қыындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар жатады. Зердесі қалыпты балалардың ерекше қыындықтары жеке оку дағдыларын менгеруде байқалады: оку, жазу және санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия т.б.). Бұл қыындықтар уақытша сипатқа ие және оларды балаларға мамандардың тиісті көмегімен жоюға болады.

Барлық балалардың білімге бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында инклузивті білім беру жүйесі, осы мәселелер төңірегінде көптеген міндеттерді шешуге, оның ішінде әртүрлі бұзушылықтары бар не болмаса балалардың тәрбиесіне, мектепте және әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіретін сол немесе өзге жағымсыз қолайсыздықтарға ұшыраған балаларды оқыту мәселелерінде бейімделетін педагогикалық бағдарламаларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Десек те, бұл бұзылулардың көлемі шекті жағдайлардан бастап психикалық бұзылулардың ауыр формаларына дейін қоса алғанда, жеткілікті дәрежеде кеңейген, шартты түрде оларды «оқытудағы бейімсіздену триадасы» деп аталатын топқа жатқызуға болады:

*Мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балаларға келесі санаттарды жатқызуға болады:* соматикалық аурулармен ауыратын немесе әлсіз, жиі және ұзақ ауыратын балалар; аутистік спектрдің бұзылыстары бар балалар ; гипоактивті немесе баяу балалар; депрессивті балалар; гипербелсенді балалар, сондай-ақ назар тапшылығы синдромы бар балалар; агрессивті балалар; девиантты мінез-құлықты балалар.

### *Ұсынымдар*

Осы санаттағы балалармен әрбір нақты жұмыс тәжірибесі жеке сипатқа ие. Мұғалімдердің барлық стратегиялары отбасымен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен және оку процесін ұйымдастыруға көмек көрсете алатын басқа мамандармен ынтымақтастықта анықталады.

*Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктері*

Аутистикалық спектр бұзылыстары – бұл мінез-құлық сипаттамаларының үлкен әртүрлілігімен байланысты бұзылулар, олар ең төменнен бастап айқын

көрінетін әртүрлі формаларда байқалуы мүмкін. Бала өзін ақыл-ой кемістігі бар және жоғары интеллектуалды, қандай да бір салада дарынды, бірақ бұл ретте қарапайым тұрмыстық және әлеуметтік дағдылары жоқ етіп көрсетуі мүмкін; бала бір жағдайларда ебедейсіз болып көрінсе, ал басқа жағдайларда танғаларлық ептілік көрсетеді.

*Әлеуметтік өзара әрекеттесу саласындағы ерекшеліктер:*

- жақын адамдармен байланысының бұзылуы;
- «көзбе көз» көру арқылы байланыстан қашады немесе ұзақ емес, құбылмалы көзқарас, «басқа жаққа» қарау, «өтіп кетіп» қарау;
- ересек адамның сөзіне жауап берген кезде күлімдемеу;
- балалармен сайма-сай байланыстың болмауы: басқа балаларды елемейді, достасуға, қарым-қатынас жасауға мүлдем тырыспайды;
- құрбылыстарымен ойнамайды/оыйнды қолдамайды;
- қоғамда өзін-өзі ұстau нормалары мен қағидаларын түсінбейді;
- эмоцияларының диапазоны тар, сайма-сай емес көріністер көрсетуі ықтимал (орынсыз күледі немесе айқайлайды);
- бет әлпетін, ымдар мен жалпыға танымал сигналдарды «оқи алмайды»;
- басқалар өздерін қалай сезінетінін және өз эмоцияларын қалай білдіретінін нашар түсінеді;
- оқиғалар мен адамдар арасындағы байланысты менгерудегі қындықтар;
- басқа адамдардың (және өзінің) болжамдары мен жоспарларын түсінуге қабілетсіздігі;
- өзінің есіміне бұрылып қарамайды немесе естімегендей болып көрінеді;
- онымен кім сөйлесіп тұрганын байқамайтындаі көрінеді;
- кейбір балаларда сөйлеу тілі дамуының кеш қалғаны немесе сөйлеу тілінің жақсы дамығаны байқалады, бірақ әрқашан коммуникативті функциялары бұзылғаны білінеді: ол басқалардың не айтып жатқанын естімestен, өзінің қызығушылықтары туралы ғана әнгімелейді;
- үлкен сөздік қоры, «ересектер» кеңінен қолданатын сөз орамы бар сөйлеу тілі жақсы дамыған жағдайда – дағдылы, мәнерлеп, «фонографиялық» сипатқа ие болады. Әнгімелесушіні тыңдау білмейді, үнемі оның сөзін бөледі, әнгімеге қосыла алмайды және кезек сақтай алмайды, ақпаратты жеткізе алмайды, өзінің өзіндік, әдетте, бір және сол тақырыпты алға тарта береді;
- әхолалиялар тән (естіген сөздерін немесе сөз орамдарын тез арада немесе кешеуілдетіп қайталай беру);
- сөйлеу тілінде жеке есімдіктерді дұрыс пайдалана білмеу;
- тақуалықпен сөйлеу: тым сөзбе-сөз, түсіну деңгейінің төмендігін немесе метафораларды, идиомаларды және әзілдерді түсіне алмайтындығын көрсетеді;
- коммуникациялық құралдар жиынтығы шектеулі, бұл ретте оларды жағдайға барабар пайдалана алмайды;
- ымдарды, дауыс ыргағын, қарым-қатынас жасау үшін дұрыс мимиканы имитациялау немесе пайдалану кезінде жиі қындықтарға кезігеді («аффективті блокада»);

- ым-ишарапарды, дауыс пен дауыс ырғағының қаттылығын танып білудегі қындықтар;

- өрістетіп айту және диалог құру кезіндегі қындықтар;

- көмек сұрауға қиналады;

- басқалармен қарым-қатынас кезінде қызығушылық танытпайды немесе жанындағы әңгімелесушінің қызығушылықтарын ескермейді;

- функциялық және рөлдік ойынды имитацияламайды немесе көрсетпейді;

*Мінез-құлық ерекшеліктері:*

- қолы тиіп кеткен, құшақтаған кезде ұнатпайды немесе ширығып қалады;

- стереотипті (қайталанатын) қозғалыстар: саусақтарымен тарсылдатады, қолын сіліклейді, теңселеді және т.с.с.;

- кейбір дыбыстық қоздырғыштарға өте сезімтал; кейбір дыбыстық қоздырғыштарға ден қоймайды;

- стереотипті және қайталана беретін сөйлеу тілі немесе идиосинкразиялық сөйлеу мәнері;

- қандай да бір заттарға асыра назар аудару; қалыпты тәртіпті ұстануға негізсіз табандылық көрсетеді және оны өзгертуге қарсылық білдіреді;

- көптеген қорқыныштарды сезінеді: әртүрлі түрмистық шудан, газет сыбырынан, масаның ызынынан қорқу, тактильді гиперестезиямен байланысты қорқулар т.б.), бірақ шынайы қауіптен қорықпайды;

- барабар емес, сандыраққа ұқсас қорқынышты сезінеді, оларды сандыраққа алғышарт ретінде бағалауға болады;

- өзгерістер алдындағы қарсылық және қорқыныш, барлық жаңа нәрседен қорқу (неофобия) [11];

*Танымдық белсенділік ерекшеліктері:*

- қоршаган әлемді тануда білуғе құмарлықтың және белсенділіктің болмауы;

- заттар мен материалдарды оларды пайдалану мүмкіндіктері бойынша сараламайды, олардың қасиеттерін ескермesten, олармен әрекетке түседі;

- ақпаратты кешеуілдетіп өндеу;

- назар аударудың мүмкін еместігі;

- бірлескен зейіннің болмауы;

- көру шегінен тыс жердегі көзбен қабылдау басымдығымен көру назарының фрагментарлығы;

- дыбыс немесе көру қоздырғыштарына байланысты зейіннің алаңдаушылығы;

- назарын ұсақ бөлшектерге аударады және басты картиналы елемейді;

- еліктеу қабілеті бұзылған;

- жаңа қозғалыс актілерін орындау қабілеті бұзылған;

- объектінің бейнесін қалыптастырудадағы қындықтар;

- жаңа сөздер мен сөз тіркестерін менгеру қабілеті төмендеген;

- етістіктер мен есімдіктерді түсінбей қиналу;

- айтылғанды сөзбе-сөз түсіну;

- абстрактілік ойлау мен қорытындылаудың қалыптаспауы, нақты өзара әрекеттесуді талап етеді;
- дағдыларын ұқсас материалға, басқа жағдайға ауыстырудың қалыптаспауы;
- нақты әрекет түрлерін өз бетінше орындаудағы қындықтар;
- ұйымдастырушылық дағдылары, жоспарлау немесе таңдау дағдылары қынданылған;
- дағдылардың бір және сол немесе әртүрлі салаларындағы тұрақсыз көрсеткіштер, кейде кейбір салаларда айрықша жоғары көрсеткіштер көрсетеді (парциалды дарындылық);
- қызба, компульсивті және табандылық әрекеттерге бейім; мінез-құлқы қарама-қайшы;
- күте алмайды немесе бос (ұйымдастырылмаған) уақытын пайдалана алмайды;
- менгерген қағидаларды, сигналдарды және басқа да модельдерді басшылыққа алады;
- білім беру саласындағы өзгерістерге қарсылық білдіреді.

Аутистикалық спектр бұзылуарының жоғарыда келтірілген сипаттамалары аутизммен ауыратын балада байқалуы мүмкін қындықтарды атап көрсетеді, олар баланың мінез-құлқы мен білім алудына әсер етеді. Бұл сипаттамалардың барлығы АСБ бар балалар үшін бірдей болмаса да, олардың барлығына әлеуметтік әрекеттесу, қарым-қатынас жасау, сенсорлық сигналдарды өндедеу және жаңа дағдыларды менгеру саласындағы қындықтар тән болады [11].

#### *Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету Кедергісіз орта*

Қосымша көп функциялы кеңістіктің болуы баланың демалыс бөлмесі, баланы күтіп отыратын ата-аналар үшін бөлінген орын, ойын бөлмесі, қозғалыс аймағын қарастырады.

#### *Қажетті арнайы құрал-жабдықтар*

- демалыс бөлмесіне арналған жабдық: жұмсақ жиһаз, кілем төсеніш, аудиожабдық (музыка және табиғат дыбыстары жазылған дискілер жинағымен);
- перделер;
- жұмсақ төсеніш пен модульдер;
- театрландыруға арналған ойындар жиынтықтары;
- мектепте, сиынпта өзін-өзі ұстау қағидалары, күн тәртібі және әрекет түрлерін ауыстыру реті жазылған кестелер.

*АСБ балалары үшін білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:*

- аутизммен ауыратын баланың дамуындағы бұзылуармен байланысты қындықтарды назарға алыңыз;

- бала өзінде алаңдаушылықтың пайда болғанын түсінбеуі мүмкін, сондықтан ықтимал стимулдар мен агрессия белгілерінің бастапқы көріністеріне көз салып қарау қажет. Баланың назарын басқа әрекеттерге ауыстырып, тіпті алаңдаушылықтың ең алғашқы белгілерінің өзін ойын фрагменттеріне көшіру керек;
- мінез-құлықты қадағалау мен бақылау барабар емес әрекеттің себебін түсіндіруге көмектесуі және қаламайтын мінез-құлықты түзететін әрекеттерді мензеп көрсетуі мүмкін;
- айналадағы адамдар жай ғана еркелік немесе тыңдамаушылық деп түсіндіретін, балада байқалатын барабар емес мінез-құлықтың бірқатар мағыналары болуы мүмкін. Мысалы, ол бір нәрсені алғысы келетінін, қаламайтын оқиғаларға қарсы наразылығын, толық түсінбейтіндігін, күйзеліс жағдайларынан қашатынын, қосымша стимуляция алғысы келетінін, көмек немесе назар аударуды қажет ететінін көрсетпеуі мүмкін;
- жаңа үй-жайдан қорку сезімі болмаған жағдайда, балаға сыныбы қайда екенін, сабак қайда өтетінін, балалар қай жерде тамақтанатынын, дәрігерге қай жерге баратынын көрсетіп, білім беру ұйымының кеңістігімен біртіндеп таныстыру маңызды;
- баланың сыныптағы жеке орындарын (шкаф, парта) белгілеу үшін визуалды маркерлерді пайдалануға болады: белгілі картина, егер бала оқи білсе – оның есімін жазу. Бұл балаға жаңа жағдайды қабылдауға, өзін қауіпсіздікте сезінуге көмектеседі;
- мектеп өмірінің тәртібі қағидалармен, кестемен нақты болуы тиіс;
- жеке (картиналары немесе символдары бар) кестені пайдаланыңыз, онда әр сабак ретімен орналасу керек; бұл баланың күн тәртібін алдын алу білуіне және артық алаңдаушылықты болдырмауға көмектеседі. Бұдан басқа кесте мен үй-жайлардың алмасуы АСБ бар балаларға бір әрекеттен екіншісіне көшуді менгеруге көмектеседі;
- сонымен бірге күн тәртібіндегі аздаған өзгерістердің өзі баланың мінез-құлқын өзгерте алатынын және алаңдаушылық немесе күйзеліс түрінде байқалатынын ескеру керек. Сондықтан өзіңіз білетін өзгерістер туралы баланы алдын ала ескертіңіз;
- АСБ бар баланы жүппен сапқа тұру, шағыр алдында кезектілікті сақтау, әлеуметтік қабылданған ара-қашықтықты сақтау, құрбыларының аяғын бастап, итеріспеу сияқты әлеуметтік мінез-құлық ережелеріне арнайы үйрету қажет;
- тапсырманы барлық топқа беріңіз, онда басқа балаларды аутистикалық спектр бұзылулары бар баламен бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдырының, алайда тапсырманың өзі осы баланың қабілеттері шеңберінде болуы тиіс;
- балалар аутизммен ауыратын балалармен достасып кеткен жағдайларды көтермеленіз;
- ересектер еркін ойын уақыты кезеңінде, денені дамытумен байланысты сабактар кезінде, түскі ас кезінде бақылауды күшету қажет; АСБ бар баланың қыындықтары туралы құрбыластарын хабардар ету қажет;

- сыныптағы балалар мен ата-аналарға аутизммен ауыратын бала құрбылыстарына қарағанда өзін неліктен басқаша ұстайтынын түсіндіріңіз. Әртүрлілік құрметтелуі тиіс;

- білім алушылармен жұмыс істейтін барлық мамандар білім беру процесіне қатысты ортақ тәсіл қабылдауға, баланың мінез-құлқына пікірлері, әсіресе көтермелегенде мен жазалауды пайдаланумен байланысты жағдайларда бірдей болуға тиіс және қойылған, орындалатын міндеттерден шегінбеу керек.

- тыутордың қолдауы аутизммен ауыратын баланы білім беру ортасына, әсіресе баланың бейімделуі кезеңінде, табысты қосу үшін қажетті шарт болып табылады [11].

Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалар ауызша тілді ерекше қабылдаумен өзгешеленеді. Ересектер олардан не талап ететінін олар әрқашан тез түсіне алмайды. Жағдайды толық түсінбеу кезеңінде агрессивті болулары мүмкін. Өзін-өзі қорғау рефлексі белсене түседі.

Кез келген дағды қазір немесе кейін, бала өсетін болашақ өмірінде тікелей практикада пайдалану үшін түсініп менгеріледі. Аутизммен ауыратын балаларды оқыту жағымды мотивацияға баса назар аударылып жүргізілуі тиіс.

Күштеп мәжбүрлемей, баланың танымдық әрекеттегі табиғи қажеттілігіне сүйену керек. Оқыту позитивті атмосферада өту керек.

Барлық балаларға өз әрекеттерінің ретін дауыстап айтуда қажет. Басқаларға кедергі жасамау үшін балаларды тыныш, жарты дауыспен сөйлеуге, «еріндерімен» сыйырлауға үйретіңіз. Бірақ оларға дауыстап айтуда тыйым салмаңыз – жаңа және қын материалды сыртқы сөйлеу тілі арқылы түсініп менгереді.

Біз аутист баланы бір нәрсеге оқытқан кезде, біз дереу, араға уақыт салмай, пайдалану үшін дайын тұрған үлгіні оған беруіміз керек: қарапайым сөздерді барлық білім алушылармен пысықтау арқылы окуға, тұтас әріптер мен сөздерді дереу жазуды менгеру арқылы жазуға; қарапайым есептеу операцияларынан бастап арифметиканы үйретуге келеміз. Алгоритмді білу – аутист балалардың мықты жағы. Бір рет және дұрыс оқыту керек. Орта және үлкен жастағылар үшін бір ғана алгоритм. Қайтып үйретуге болмайды!

Коммуникация және әлеуметтендіру дағдылары жүппен жұмыстарды, шағын топтармен жұмыстарды, рөлдік ойындарды, сынып және мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру, мұғалімнің осы бағыттарда нысаналы жұмыс істеуі кезінде жақсы қалыптасады.

Балаларды бір-бірімен араласуға жиірек тұрткі болыныз, осылайша олар қоғамда өздерін дұрыс ұстауға үйренеді. Сабактар да аутист балаларға басқа балалардың, сондай-ақ өздерінің эмоцияларын анықтауға көмектесуге тиіс. Оқыту процесінде белгілі жағдайларды сипаттайтын және аутист балаларды белгілі жағдайларда өзін-өзі ұстауға үйрететін қысқа оқигаларды пайдалануға болады.

Өзіндік жұмысқа үйреткен кезде мынадай алгоритмді пайдалану ұсынылады:

- тапсырманы түсіндірген кезде, окулықта орындау керек болатын тапсырмалардың астын сыйыныз;
- нұсқаудан кейін әр оқушыға көз тоқтатып қараңыз;
- әрқайсысы тапсырманы дұрыс түсінгеніне және орындауға дайын екендігіне көз жеткізіңіз;
- нұсқауды жеке қайталаңыз;
- нұсқауды қайталағаннан кейін де бала тапсырманы орындаі бастамаса, тапсырманы онымен тақта алдында орындалап көріңіз;
- осындаі тапсырманы кейіннен берген кезде жұмысқа тыторды қосыныз;
- тапсырмаларды өз бетінше орындау кезінде басқа оқушыларды көзден таса қалдырмаңыз.

*Аутизмі бар баланың спецификалық сипаттамаларды жеңу жолдарын анықтайық:*

- ақпаратты сыйбалар, көрнекі картиналар арқылы жеткізу;
- қатты жалықтырмау;
- оқу кеңістігін нақты ұйымдастыру;
- жазылған сақтау жүйелерін пайдалану;
- бала пайдаланатын заттарды жазып қою;
- балаға есімін атап сөйлеу;
- өзіне-өзі қызмет көрсету және түрмистық бағыт-бағдар дағдыларына үйрету;
- әрекеттерді бөліктермен, кезендермен менгеру, содан кейін біртұтас етіп біріктіру;
- дұрыс әрекетті тәтті көтермелемеумен, құшақтаумен, стимулмен бекітуді пайдалану;
- ірі және шағын моториканы ұдайы дамыту [12].

*Аутистикалық спектр бұзылыстары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:*

- аутистикалық спектр бұзылыстары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар арнайы әзірленген дифференциалды тапсырмаларды; жиынтық жұмыс тапсырмаларын пайдаланып жүргізіледі, бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірлесіп әзірлейді;
- аутистикалық спектр бұзылыстары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізудің уақыт режимін білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып көбейтуге болады;
- жиынтық жұмысы жүргізген кезде, қажеттілігіне қарай білім алушыға демалу немесе басқа да қажетті іс-шаралар үшін үзіліс беруге болады;
- аутистикалық спектр бұзылыстары бар білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру, оқу тапсырмасын қабылдау, орындау кезендерінде эмоционалдық қолайлы климат орнату және

қолдау мақсатында қажеттілігіне қарай психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін маманның қатысуына рұқсат етіледі;

- жиынтық жұмыстарды орындау кезінде психикалық жағдай (аффективті мінез-құлыш, агрессия, бақылауға және өзін-өзі бақылауға көнбейтін, қозғалыстың өршүі) өршіген сөтте осы жағдайды жазып алтын және АСБ бар балаға осы жұмысты қайта тапсыруға мүмкіндік беру қажет;

- тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушының ерекшеліктері мен психофизиологиялық даму мүмкіндіктеріне байланысты өзгертуге болады;

- қажет болған жағдайда қосалқы құралдар мен көрнекі материалды (калькулятор, формуалалар, таблицалар т.б.) қолдануға рұқсат етіледі;

- жиынтық жұмысты компьютерлік нұсқада немесе кейіннен басып шығарып, планшетте орындау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады;

- аутистикалық спектр бұзылыстары бар білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпыға танымал өлшемшарттарды да, сонымен қатар психофизиологиялық жай-күй мен даму ерекшеліктерін ескеретін өлшемшарттарды да ескере отырып жүзеге асырылады.

*Өзіндік ерекшеліктері бар, дамытуда, тәрбиелеу мен оқытуда жеке арнайы тәсілді талап ететін балаларға солақай балалар жатады.*

Әдетте солақай балалар жазу, оқу және есеп дағдыларын қалыптастыру кезіндегі қыншылықтарға кездесіп жатады. Бұл іскерлікті менгеру үшін көріп қабылдау маңызды. Солақайларда көріп кеңістікті қабылдаудың, көру жадының және көру-моторлы үйлесім бұзушылықтары немесе жеткіліксіздігі әдетте қындықтардың туындауына алып келеді:

- оқу кезінде әріптердің күрделі конфигурацияларын қабылдау және есте сақтау және сәйкесінше баяу қарқын;

- әріптер мен сандардың көру арқылы бейнесін қалыптастыру (элементтерді сәйкестендірудің бұзылуы, бала ұқсас әріптер мен сандарды шатастырады, әріптер мен сандарды артығымен не жеткізбей жазады);

- геометриялық фигуранларды ерекшелеу және ажырату, пішімдері ұқсас фигуранларды ауыстыру (дөңгелек-сопақ, шаршы-ромб-тіктөртбұрыш);

- көшіру;

- тұрақсыз почерк (түзу емес штрихтер, ұлken, созылған, әртүрлі көлбеуленген әріптер);

- әріптерді, сандарды, графикалық элементтерді теріс жазу;

- жазудың өте баяу қарқыны.

*Ұсынымдар:*

Солақай балаға өз жұмыс үстелін үйымдастыруға көмектесу, жазар кезінде дәптердің көлбеулігін өзгерту, иықты үзеу, қаламды дұрыс ұстауға көмектесу, жарықтың оң жақтан түсін қадағалау.

Солақайлардан оң жаққа көлбеуlep жазуды талап етпеген жөн, оларға тік бағыттап жазған жөн.

Солақай баладан үзбеу жазуды талап етуге болмайды.

Кез келген қозғалыс әрекеттерін элементтерге бөліп, бір-бірден түсіндіру қажет. Әрбір элемент саналы түрде орындалуы тиіс.

Баламен көру арқылы қабылдауды және көру-моторлық координацияны дамытатын ойындарды ойнаудан тұратын арнайы жаттығуларды жасау ұсынылады.

Солақай баланың ата-аналарымен жұмыс жүргізу қажет, оларға баланың ерекшеліктері, объективті қындықтарды еңсеру, оның психикалық және физикалық денсаулығын сактау жөнінде кеңес беру қажет.

Сыныптағы мұндай баланың ерекшеліктерін әр адамның жеке ерекшеліктеріне құрметпен қарау, көшілікке тән емес қасиеттерге қатысты төзімділік таныту секілді қасиеттерді баулуға пайдалану қажет.

**3-топқа** әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындағынын ерекше білім беруге қажеттілігі туындағынын балалар кіреді. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған нашар отбасынан шыққан немесе бала тәрибесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі.

*Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени және басқа да себептерден ерекше білім берілуіне қажеттілігі туындағынын балалардың оқу процесін ұйымдастыру бойынша педагогикалық тәсілдер*

Білім алу құқығын қамтамасыз ету оралман-балалардың, аз ұлттар отбасылары балаларының, соның ішінде мигранттар мен босқындардың арасындағы айырмашылықсыз жүзеге асырылуға тиіс.

Босқындардың отбасыларының және қазіргі қоғамдағы ел ішіндегі қоныс аударатын адамдардың проблемаларының маңыздылығы адамның жеке-қоршаған орта жүйесіндегі өмірінің әртүрлі аспектілерінде өзекті болып табылады.

Мәжбурлі көші-қон адамның әлеуметтік бейімделуін айтарлықтай бұзады: бір табиғи және әлеуметтік ортасынан, ол басқасына ауысады, көптеген табиғи-антропологиялық байланыстарды қинала үзіп, жасанды түрде жаңа жерлерде осындағы байланыстар жасайды. Соның салдарынан босқын балалар көбінесе олардың ата-аналары мен жақындарының өліміне күә болудан психикалық соққы алады. Психологтар дәлелдегендей, травматикалық оқиғалар есінде сақталып қалған баланың психикасында терең із қалады. Психологиялық шокты бастан кешірген барлық балалар оның салдарынан зардап шегеді. Көптеген физикалық және психикалық бұзылулардан басқа, оларда таным процесі мен қоғамдағы мінезд-құлыштың процесінде бұзылуыштықтар байқалады. Бұзушылықтардың ауырлығы мен олардың көріністері, әдетте, зорлық-зомбылықтың дәрежесіне, балаға келтірген дene жарақаттарының

булусы немесе болмауы, сондай-ақ отбасын қолдаудың жоғалуы немесе сақталуымен байланысты.

Балалар ересек адамдарға қарағанда ең алданғыш және көнбіс болғандықтан көбінесе әртүрлі жағдайларда құрбан болып қалады. Олар отбасылық немесе мектепте, көшеде зорлық-зомбылық құрбандары болуы мүмкін [13].

Зорлық-зомбылықты бастаң кешірген балалармен жұмыс жасаудың ортақ мақсаты – травматикалық ауырлықтарды азайту және жою, кемсітушілік сезімін, кінәлі және ұят сезімдерін жеңу болып табылады. Баламен жұмыс істеу кезінде қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынас жасауда, оның жеке дамуына қолдау көрсету маңызды.

Қыын жағдайға тап болған балалардың проблемаларының бірі, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, мобиЛЬДІК шектеу, құрдастарымен және үлкендермен байланыстың аздығы, табиғат және мәдени құндылықтармен байланысы шектеулі болуы т.б. болып табылады. Мектеп қызыметінің шектеулері қөптеген оқушылардың тәрбие түріне негативті көзқарасын туғызады, оған жеке тұлға ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бала өміріндегі қыын жағдайлардың пайда болуына ең үздік және ең нашар оқушылар арасындағы үлкен айырмашылықты көрсететін білімнің қанағаттанарлықсыз деңгейі себеп болуы мүмкін. Бұл баланың жеке басына өзіндік баға беруіне тығыз байланысты. Осыдан кейін балаларда мектептегі әлеуметтік қарым-қатынастарға бейімделе алмауынан түрлі бағыттағы проблемалары туындаиды. Бұл проблемалар баланы қыын жағдайға әкелуі мүмкін [14].

Мемлекеттік деңгейде өмірде қыын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсетуге бағытталған арнайы бағдарламалар үнемі қабылданып, жүзеге асырылуына қарамастан, өмірдің қындығына тап болған балаларға мемлекет күшімен ғана көмек көрсету жеткіліксіз екенін көрсетті. Мұндай балалардың дамуына және өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау бойынша міндеттердің алуантүрлілігі, құрделілігі мен масштабы осы жұмыста осындай балаларға жақын адамдарға қатысады талап етеді.

Адамның әлеуметтік бейімделуі елеулі түрде бұзылып жатқаны белгілі: бір табиғи және әлеуметтік ортадан ол басқасына ауысады, қөптеген табиғи-антропологиялық байланыстарды ұзіп, жасанды түрде жаңа жерлермен байланыстар жасайды. Мұндай жағдайларда көші-қон мәселелерін бірінші болып сезінетіндер, әрине, балалар.

Қындықтар мына жағдайлармен байланысты болуы мүмкін:

- тұрғылықты жерін мәжбүрлі түрде өзгерту салдарынан (балалардың ересектерге тәуелді болуына байланысты әрқашан мәжбүрлі мигранттар болып табылатын) психологиялық стрестерге ұшырауы және әдеттегі мәдени, коммуникативтік, отбасылық, табиғи-аумақтық және басқа байланыстардың құрылымын бұзуы;

- жаңа ортада өмір сұрудің қындықтарымен, сондай-ақ жиі шеттететін, алаңдаушылық және психикалық шиеленіс, агрессивтілік және қактығыс туындайтын орта салдарынан;

- білім беру процесіне ену қындықтары (қазақ (орыс) тілін білмеуі);

- әлеуметтік жанжалдардың өсу қаупі (әлеуметтік төмендігіне байланысты қактығыстар).

Мұның бәрі болашақта елеулі түрлі жағдайларға ұрындыруы мүмкін, мысалы, мінез-құлықта әлеуметтік тәжірибелің жоқтығы мен педагогикалық қолдаудың болмауы аурудың, психикалық бұзылулардың өсуіне, сабактан қашуға және девиантты және суицидтік мінез-құлықты қалыптастыруға әкелуі мүмкін.

Қын жағдайға тап болған балалармен жұмыс жасау кезінде арнайы педагогикалық тәсілдерді талап ететін мәселелер:

- баланың үнемі психикалық стрестері (жанжал, апатия, шаршаудың жоғарылауы);

- қабылдамау және бас тарту сезімі (бала психикалық зорлық-зомбылықты, қысым көрсетуді сезінуі мүмкін);

- өзін-өзі тануын, құндылықтарын, сезімдерін жоғалтады;

- мәдени айырмашылықтардан туындайтын әртүрлі эмоцияларға (таңданыс, жеккөрушілік, наразылық, реніш) негізделген тұрақты мазасыздықты сезіну;

- әлсіздікті, толыққанды еместікті сезінеді.

Жоғарыда айтылғандардан өмірлік қын жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік-психологиялық бейімделу үшін олардың коммуникативтік және білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық бағдарламалар қажет.

Мұндай балалардың білім алу қажеттіліктері ережелердің бес түрлі бағытымен байланысты: тіл, базалық білімдер, эмоционалдық жағдай, әлеуметтік дағдылар, мәдени нормалар. Бұл білім беру қажеттіліктері, бірінші кезекте, мемлекеттік тілді үйренуді ұйымдастыруды қажет ететін тілдік мәселелермен байланысты.

Оралман, мигрант балаларды тілге оқыту мәселелері, оның ішінде ерекшеліктер, мәні, халықаралық тәжірибе, еліміздегі жағдайды талдау, жалпы білім беретін мектептегі оқу процесінде оралман, мигрант балаларды тілдерге оқыту бойынша педагогтер мен басшыларға арналған ұсынымдар ҮІ. Алтынсарин атындағы ҰБА 2017 жылы әзірлеген «Оралман балаларды тілдерге оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралында (Академия сайты: [www.nao.kz](http://www.nao.kz)) толық және кеңінен қарастырылған.

Өмірлік қын жағдайға тап болған балалардың психологиялық және әлеуметтік-мәдени бейімделуін қамтамасыз ету мынадай іс-әрекеттерді қамтиды:

- білім алушыларды оқыту мен әлеуметтік-психологиялық бейімдеудегі қындықтарды анықтау, диагностикалау және бағалау;

- білім алушыларды интеграциялау мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің осы балалар мен олардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірыңғай стратегиясын өзірлеу, шешімдер қатарын дайындау;

- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі шешімдерін орындау.

Жалпы білім беру мекемелерінде жеке психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі кезендері:

Мұндай білім алушыларды білім беру ұйымдарында жеке психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі кезендері:

- бала туралы ақпарат жинау;

- алынған ақпаратты талдау;

- балаға, мұғалімге, ата-ана үшін ұсыныстарды бірлесіп өзірлеу болып табылады: әрбір «проблемалы» білім алушылға кешенді көмек көрсету жоспарын жасау;

- балалардың проблемаларын шешу жолдары мен тәсілдері бойынша кеңес беру;

- бұл мәселелерді шешу, яғни, әрқайсының ұсыныстарын орындау;

- барлық қатысушылардың ұсынымдарын талдау не (сәтті болды? не сәтті болмады? неге?);

- баланың дамуына қосымша талдау жасау (Бұдан әрі не істейміз?).

Жоғарыда көрсетілген сатылар шартты болып табылады, ейткені әрбір баланың проблемасы ерекше және оның шешімі жеке көзқарасты талап етеді.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша ІІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен өзірленген «Жалпы білім беру мектептің оқыту процесінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралына (Академия сайты: [www.nao.kz](http://www.nao.kz)) жүгінуді ұсынамыз.

### *Ұсынымдар:*

Өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушылармен жұмыс жасауда оның қоршаған адамдармен өзара әрекеттестігін, тұлғалық дамуын қолдау маңызды.

Сонымен қатар, кез-келген сабакта тілдік мәселелерді ескеру қажет және оқушыға білім алуға көмектесетін бірқатар әдістерді қолдануға болады. Атап айтқанда, балаға әдістерді таңдау (ауызша немесе жазбаша жауап нысаны, графикалық немесе сурет) және тапсырманың қарқыны, жұмыс уақытын арттыру, графикалық схемаларды, қысқа нұсқаулықтарды, пиктограммалар түріндегі алгоритмдерді қолдану мүмкіндігі беріледі.

### *Мұғалімнің негізгі стратегиялары:*

- білім алушылардың білім беру мекемесінің әлеуметтік-мәдени ортасына толығымен қосылуы;

- білім беру мекемесінің әлеуметтік-мәдени ортасын өмірлік қызын жағдайға тап болған балаларға бейімдеу (оның оқу процесіне қосылуын қамтамасыз ету);

- оқу орнында оң мәдениетаралық қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау.

Өмірлік қызын жағдайға тап болған білім алушыларды әлеуметтендіру бойынша қабылданған шаралардың табыстылығын сипаттайтын барлық педагогикалық іс-әрекеттердің нәтижесі:

- жеке немесе мәдени сәйкестік сезімі;
- жақсы психологиялық және физикалық денсаулық (өзін сезінуі);
- психологиялық қанағаттану мен оңтайлы өзін-өзі бағалау.

*Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар*

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, жетім балалардың мектепте білім алудағы қыыншылықтары және сәйкесінше қазіргі қофамға әлеуметтену процесіндегі сәтсіздіктері жетімдіктің спецификалық әлеуметтік тәжірибесіне негізделген:

- бауыр басу соққысы және негізгі қажеттіліктері депривациялау тәжірибесі;

- асоциалды ортадағы, дисфункционалды отбасыдағы өмірлік тәжірибе;
- жетім балалар үшін жағдай жасауды ұйымдастыруды әлеуметтенудің қанағаттанарлықсыз нәтижелері.

Жетім балалардың, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың интеллектуалды дамуы төмендегілермен сипаттала алады:

- психикалық дамудың тежелуі, төмендетілген танымдық белсененділік. Бұл баланың кішкентай жасында зердесінің дамуы үшін қажетті стимулды ортасын болмауымен, сонымен қатар баланың көп уақыт бойы өмір сүру үшін жанталасуымен;

- негізгі ойлау операцияларының (қандай да бір белгілерді салыстыру, жіктеу, ерекшелену т.б.) қалыптаспауымен;

- жалпы оқу біліктерінің қалыптаспағандығымен (оқу тапсырмасын, оны шешу алгоритмін түсіну, шартты оқи білу, дұрыс шешім шығара, нәтижені түсіндіре білу);

- қоршаған әлем туралы жеткіліксіз білімдермен, бастапқы білімдерге, біліктер мен дағдыларға қатысты кемшіліктерімен, іс-әрекеттердің ішкі жоспарында өз тәртібінің ойша моделін құра алмаумен түсіндіріледі.

Баланың эмоционалды-ерік сферасының дамуындағы қыындықтар келесі себептермен пайдада болады:

- баланың ата-аналық міндеттерін дұрыс орындаған ата-анасына қатысты қалыптасқан нашар көзқарасына байланысты ересек адамдардың кез келгенін теріс қабылдауы;

- мектеп талаптарына сәйкес келмеуіне, оқудағы сәтсіздіктеріне жауап ретінде оқуға және тәрбие алуға қарсылық білдіру;

- оқуға қатысты оң уәждің болмауы;

- өзінің тәртібін реттеу дағдыларының болмауы, міnez-құлықтың продуктивті модельдерінің болмауы.

*Ұсынымдар:*

Жетім балалардың, ата-ана қамқорлығының қалған балалардың ерекшеліктері көп жағдайда келесі жағдайларда өтелуі мүмкін:

- бастапқы интеллектуалды және оқу дағдыларын дамыту бойынша жүйелі түзету жұмысы;

- балаға қатысты талаптардың үдемелі жүйесін орнату, ол баланың асырап алған отбасыға қосылған сәтінің бастапқы кезеңдерінде үлгеріміне қатысты түсіністікпен қарауды көздейді, сонымен қатар баланың оқу жетістіктерін мазмұнды бағалау қағидаты және оның өзінің жетістіктеріне қатысты бағалауды көздейді;

- жеке оқу бағдарлары шенберінде менгеру үшін қажетті негізгі пәндерді ерекшелеу, ол баланың талпынысын бірнеше негізгі пәндерді менгеруге аударады және баланың отбасы мен мектепке бейімделуінің бастапқы кезеңдерінде қалған пәндердің рөлін азайтуды көздейді;

- баланың әлем мағынасыздығы секілді түсінігін өзгертуге мүмкіндік беретін асырап алған ата-анасымен интенсивті қарым-қатынасы.

Баланың эмоционалды-ерік сферасы дамуындағы қыындықтар төмендегілермен өтелуі мүмкін:

- мектепте «мұғалім-білім алушы» жүйесінде формалды емес және рөлсіз қарым-қатынасты ұйымдастыру жолы. Мұндайда екі тарап та жалпы оқиғалардың жүйесіне қосылады және акцент қабылдаудың тұрақты қарым-қатынастарын құруға түсіріледі. Мұндайда қарым-қатынас тәрбиенің басты құралы ретінде көрініс табады (ата-ананың қарауының қалған балалар, жетім балалар негативті өмірлік тәжірибеле байланысты дәстүрлі тәрбие директиваларын елемейді);

- оқытуудың стандартты емес формаларын пайдалану: әртүрлі жастағы балалардан құралған топтарда оқыту. Мұндайда делдалдықтың тиімді механизмдері, ересек балалардың кішкентай балаларды оқытуға қатысуы, өзара оқу формалары, оқу процесін балалардың өздері құрған формалары іске асады;

- сюжетті рөлді ойындардың әртүрлі түрлерін пайдалану, ол балаға ұжымдағы серіктестік, өнімді өзара әрекеттестік тәжірибесін менгеруге, мақұлдау және мойындау тәжірибесін толықтыруға мүмкіндік береді;

- баланың қызығушылықтарына сүйену. Мұндайда бір іс-әрекеттегі сәттілік тәжірибесі екінші іс-әрекетке ауыстырылады.

Осылайша жетім балалармен және ата-ана қамқорлығының қалған балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін ұсынымдардың қатарын анықтауға болады:

- тиімді құрылған тұлғага бағытталған тәсілдеме жолымен балалардың окуга мотивациясын арттыру;

- интеллектісі төмен білім алушыларды мақтау негізінде өз-өзін бағалауын жоғарылату, мақұлдау және мақтау әдістерін пайдалану;

- білім алушылардың интеллектуалды даму деңгейіне сәйкес келетін сарапанған тапсырмаларды тандаумен сабак жүргізу;
- оқу қызметінің формаларын тапсырмаларды бағалау критерийлерімен түрлендіру, үй тапсырмаларын дифференциациялау;
- педагогикалық ұжымда жеке психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттестіктің бірыңғай стратегиялары мен тәсілдемелерін өзірлеу.

### *Белгілі бір салада дарынды балалар*

*Дарындылық* – психиканың жүйелі, өмір бойы дамып отыратын қасиеті, ол басқа адамдармен салыстырғанда, адамның бір немесе бірнеше қызмет түрінде өте жоғары (ерекше, сирек кездесетін) нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігін айқындаиды. Әдетте дарынды балалардың жады өте жақсы болады, ол ерте қалыптасқан сөйлеу тілі мен абстарктілік ойлау қабілетіне негізделеді. Олар ақпарат пен тәжірибелі жіктеу қабілетімен, жинаған білімдерін кеңінен пайдалану білігімен ерекшеленеді. Құрделі синтаксистік конструкциялармен ілесетін үлкен сөздік қоры, сұрақ қоя білуі дарынды балаға айналадағы адамдардың назарын жиі аудартады. Кішкентай «вундеркиндтер» сөздіктер мен энциклопедияларды қызығушылықпен оқиды, олардың ойынша, олардың өзіндік түсініктерін және елестетін оқиғаларын айтып жеткізе алатын сөздерді ойлап табады, ойлау қабілеттерін жандандыруды талап ететін ойындарға басымдық береді.

Дарынды балалар танымдық белгісіздікті оңай түсінеді. Бұл ретте кездесетін қыындықтар олардан бас тартуға мәжбүрлемейді. Олар құрделі және ұзакмерзімді тапсырмаларды қуана қабылдайды, оларға дайын жауап ұсынғанды мұлдем ұнатпайды.

Дарынды бала бір нәрсеге үлкен зейін қоюымен, өзіне қызықты салада нәтижеге қол жеткізу табандылығымен де ерекшеленеді. Бұған тапсырманы беріле орындау дәрежесін де қосу керек.

Өмірлік тәжірибесі аз болғандықтан, мұндай балалар өздерінің шамасы жетпейтін істерді бастайды. Оларға ересек адамдардың тарапынан түсіністік пен біршама қолдау қажет, олардың сәтсіздіктеріне назар аудармау керек, керісінше бірлесіп қайталап жасауды ұсыну керек.

### *Дарынды балаларга мынадай қасиеттер тән:*

- өте ерте байқалатын, күшті дамыған әділдік сезімі. Дарынды балалардағы жеке құндылықтар жүйесі өте кең;
- қоғамдық әділетсіздікті жете түсініп қабылдайды. Өзіне және айналадағы адамдарға жоғары талаптар қояды және ақиқатқа, әділдікке, үйлесімділік пен табиғатқа деңгейде қоя алады;
- шынайылық пен фантазияны нақты ажырата алмайды;
- дарынды балалар әзірге олардың «тістері батпайтын» проблемаларды шешуге тырысады. Олардың дамуы тұрғысынан мұндай әрекеттер пайдалы;
- дарынды балалар үшін, әдетте – дақпыртты қорқыныш сезімдері тән, өйткені олар көптеген қауіпті салдарды елестетуге қабілетті;

- айналадағы адамдардың сөзбен жеткізілмейтін сезімдерін өте қабылдағыш және олардың айналасында туындаған, үнсіз шиеленіске тез беріледі.

Дарынды балаларға білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- оқытуды жекешелендіру (білім алушыларды жеке оқыту жоспары – жоғары деңгей);
- озық оқыту принципі;
- кез келген әрекеттегі жайлыштық принципі;
- білім алушылардың қабілеттерін іске асыру үшін ұсынылатын мүмкіндіктердің әртүрлілік принципі;
- сабактан тыс әрекет рөлінің артуы;
- дамыта оқыту принципі;
- еріктілік принципі.

Білім беру процесінде критериалды бағалау жүйесін пайдалану бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты міндеттерімен, сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтік біліктіліктерін қалыптастырумен байланыстыруға мүмкіндік беретін өлшемшарттар мен дескрипторларды пайдалану арқылы білім алушылардың жетістіктерін анықтауға және арттыруға мүмкіндік береді. Әр білім алушының дайындық деңгейін, оқытудағы жеке прогресін өлшемшарттық бағалау жүйесінің көмегімен анықтау білім алушының оқуға талпынысын ғана емес, сонымен қатар мектептегі білім беру процесінің сапасын да арттыруға ықпал етеді.

Бағалау жүйесі білім беру жетістіктерін бағалау кезінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы жетістіктерді объективті көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге білім беру процесінде осындағы білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың одан әрі жасайтын қадамдарын жоспарлау үшін негіз болып табылады.

Бағалау жүйесі инклузия жағдайларындағы оқыту проблемаларының жетістіктері мен диагностикасын өлшеудің негізгі құралы болып табылады, ол білім беру процесінің сапасын анықтауға, оқыту стратегиялары мен тактикалары бойынша түпкілікті шешімдер қабылдауға, білім беру мазмұнын да, күтілетін нәтижелерді бағалау нысандарын да жетілдіруге мүмкіндік береді. Білім беру жетістіктерін бағалаған кезде алынған нәтижелер мен оқыту кезінде жоспарланған мақсаттардың ара қатынасы маңызды екенін ескеру керек.

Инклузивті ортада оку жетістіктерін бағалаған кезде білім алушылардың психикасына мұқият болған жөн, оларға жарақат келтіруі мүмкін жағдайларды болдырмау керек, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бағалау жүйесі мұғалім, білім алушы, ата-аналар, сынып жетекшісі, сондай-ақ мектеп әкімшілігі және білім беру үйымының педагогикалық ұжымы арасында тұрақты байланыс жасауды қамтамасыз етуге тиіс, бұл білім беру процесін құруға жүйелі тәсілді, яғни оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, инклузивті ортадағы өлшемшарттық бағалау ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалардың денсаулығын сактау мен табысты әлеуметтендіруді қамтиды.

Білікті білім беру практикалық нәтижелерге, жеке қызмет тәжірибесіне, қарым-қатынастар құруға бағытталған, бұл білім беруді ұйымдастырудың принципиалдық өзгерістерге байланысты болады, ол білім алушылардың нақты құндылықтары мен өмірлік қажетті дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Осының аясында білім беру процесінің бір бөлігі ретінде білім алушылардың окудағы жетістіктерінің нәтижелерін бағалауға деген көзқарас та өзгереді. Бағалау он принциптерге негізделуі тиіс, бұл ең алдымен, білім алушының сәтсіздіктерінің дәрежесін емес, оның жетістіктерінің деңгейін есепке алуды болжайды.

Білім алушылардың жетістіктерін сипаттаған кезде бір немесе өзге дағдыны, әрекетті пайдаланған кездегі білім алушының дербестілік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі. Бұл әрекетті өз бетінше толық орындау, не болмаса үлгіге сүйене отырып орындау, не болмаса мұғалімге еліктең орындау, немесе педагогпен бірлесіп орындау болуы мүмкін. Оқыту процесін қадағалау және оның нәтижелерін тіркеу мұғалімге оқыту барысында жеке тәсілдер қолдану міндетін табысты шешуге көмектеседі. Педагог бағалау рәсімдерінің көмегімен алған ақпарат дағдылар мен біліктерді менгеру процесінде туындастын қыындықтарға уақытында және барабар деңгейде қоюға мүмкіндік береді.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу әрекетінің нәтижелері мектепте білім берудің барлық кезеңдерінде біліммен, білікпен және дағдылармен шектелмеу керек, тұлғаның біліміне, тәжірибесіне және құндылықтарына негізделген жалпы қабілет ретінде біліктілікті қалыптастыру оқытудың мақсатына айналуы тиіс. Инклузивті ортада өлшемшарттық бағалау принциптерін іске асыру ерекше қажеттіліктері бар білім алушының жан-жақты болуына, оның танымдық белсенділігі деңгейін, окудағы талпынысын арттыруға, эмоционалдық тұрақтылығын және өз мүмкіндіктеріне сенімділігін сактауға ықпал етеді [10].

Бағалау жүйесі білім беру процесіндегі ата-ана мен мұғалім арасындағы өзара байланыс және өзара әрекеттестікті жүзеге асырудың құралы, сонымен қатар педагогикалық процестің қызмет ету сәттілігі жөнінде хабар беретін құрал ретінде қарастырылады. Білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттау негізінде бағалау ата-аналарды олардың балаларының шынайы мүмкіндіктері жөнінде сенімді ақпаратпен қамтамасыз етеді әрі мектептен кейінгі білім алуына немесе жұмысқа тұруына қатысты өмірлік маңызды мәселелерді қабылдауда көмек береді.

Бағалаудың маңызды талаптарының бірі кері байланыс болып табылады. Оның маңызды рөлінің бірі мұғалім сол мезетте міндетті түрде өзі үшін және ЕБҚ бар білім алушылар үшін тапсырманы орындау барысында кеткен қателікті көрсетіп, оны түзетудің жолдарын үйрету керек, сонымен қатар, оқыту мақсатының орындалу динамикасының алға жылжуын қадағалау қажет.

Егер мақсатқа жетпесе, онда жеке түзету сабактарында ол қайтадан қарастырылып, тапсырылуы керек немесе пәнді оңтайландыру барысында (мүмкін ЕБҚ бар білім алушылардың жақын даму аймағы есепке алынбай дұрыс таңдау жасалмаған шығар) қарастырылуы тиіс. Осы орайда білім алушының алдағы даму қадамын есепке ала отырып, кешігіп қалмай жұмысты орайластыру түбөгейлі маңызды болып табылады.

Білім алушы үшін үш маңызды сұрақтарға жауап беру тиімді кері байланыс болып саналады:

- *Мен оқытудың қай кезеңінде міндетті?*
- *Нәтижеге қалай жетемін?*
- *Олқылықты жою үшін қалай жұмыс жасау керек?*

Кері байланысты жазудың негізгі кейбір ұсынымдарын келтірейік:

- құрылымдық кері байланысты үнемі, міндетті түрде жүзеге асырып отыру қажет және білім алушыларды да осыған үйрету керек, олар өздерінің жұмыстарын және бірін-бірі бағалай білулері қажет;

- «қате», «дұрыс емес» деген сөздерден алшақ жүргүзу керек, қайсысы дұрыс емес және бұл жұмысты түзету үшін алдағы уақытта не істеу керек осы мәселелерге түсініктеме беру қажет;

- қате жұмысқа емес, жақсы жұмысқа түсініктеме беріңіз;
- кеткен кемшиліктерді қалай түзетуге және жақсартуға немесе жауаптарын терендетуге болады, міндетті түрде осы мәселелерге нұсқаулық беру қажет;

Қателер туралы ақпаратты келесі тәртіппен беруге болады:

- оның орналасуы;
- қателердің типтері;
- қатені түзету үшін қажетті іс-әрекеттер;

- білім алушының жауаптарына мысқылдан сын айтудан және жағымсыз түсініктеме беруден алшақ болу керек, мысалы: «сауатсыз жауап», «сен қалай ғана осындағы ойға келдің» деген сөйлемдер жөнсіз, себебі білім алушының жеке тұлғасына тіл тигізуге болмайды.

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу бөлімін аяқтаған кездे (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі) өткізілетін, сонымен қатар бөлімдер мен оқу бағдарламасындағы жақын тақырыптарға баға мен балл қою арқылы қорытынды жасалатын бағалаудың түрі болып табылады.

ЕБҚ білім алушыларды жиынтық бағалаудың мақсаты мұғалім оқу бағдарламасын, жоспарын, оқытудың мақсатын, оқушылардың ойлау деңгейін, тақырыптар мен бағалау дискрипторын құрастырудың жолдарын терең білуі қажет.

Баға қою жүйесінен кете алмай жатқандықтан, практикада жазалайтын емес, бала әрекетінің нәтижелері мен мінез-құлқын бағалаудың көтермелесу жүйесін ойластыру және қолдану қажет. Баланы жағымсыз сәттерде емес, жақсы жағдайларда бақылау керек. Төмен «баға» кезінде «бағалау» жоғары болуы мүмкін.

Сондай-ақ балалар жұмыстарының көрмесін үйымдастыру ұсынылады. Әрбір жұмысты барлық балалар көреді, әрқайсының жақсы жақтарын табуға болады. Біртіндеп балалар өз жұмыстарын бағалауды және оларды басқа балалардың жұмыстарымен салыстыруды үйренеді. Сюжеттік ойындар ойлап табу да (мысалы, өзге планеталықтан құтқарылу) білім алушыларды жоғары нәтижелерге жетуге және ретті мінез-құлышты қалыптастыруға өте ынталандырады, олардың барысында, тіпті ең елеусіз табыстары үшін окушылар «жүргіс» жасайды және ойын алаңында (балалар суретін салған) алға жылжи алады. Саяхат-сабактар сияқты, осындаи ойын да әртүрлі уақыт кезеңдері: апта, ай, тоқсан ішінде жалғаса алады. Нәтижесінде балаларда танымайтын жағдайлардың алдындағы қорқынышы кетеді, өз күшіне сенім пайда болады, ең бастысы, олар ойнай отырып оқиды.

Бала өзінің әрекетін күшті және тұрақты қолдауға мұқтаж. Егер балада осындаи қолдаулардың қажетті саны табиғи жолмен туындастын болса, онда мінез-құлыштың әлеуметтік қалаулы формаларын және оку жетістіктерін менгерумен байланысты проблемалар болмайды. Білім алушылар үшін қандай қолдаулар жақсы лайық келетінін анықтау үшін мұғалім оларға тізімнен олар қалайтындарды таңдалап алушы үшін ұпайлар, жетондар және жамандарын тоқтату үшін айыппұлдар пайдалануға болады. Кейіннен бұл ұпайлар қандай да көтермелеген (мысалы, бос уақыт, тәттілер) ауыстырылуы мүмкін. Мұндай әдіс жеке жұмыс үшін де, үлкен топтар үшін де қолайлы. Көтермелеген берудің жиілігі өте маңызды. Бастапқыда шағын уақыт аралығы өткеннен кейін көтермелеген дұрыс. Содан кейін, жүйе жұмыс істей бастаған соң, уақыт аралығы ұзартылуы мүмкін. Ересек адам айыппұлдарды көп пайдаланбау керек. Білім алушылар әрбір айыппұлға қарсы 3-5 көтермелу алуы тиіс. Баланы өз жетістіктерін дербес және барабар бағалауға үйрету және олардың одан не талап етіледі соған сәйкес келу дәрежесі, содан кейін өз нәтижелерінің тиісті жазбасын жасау, мысалы арнайы дәптерге немесе талаптар жазылған парапшаға жазу бақылау қызметін дамытудың тағы бір пәрменді тәсілі болып табылады.

Өзін-өзі бақылау әдісі де қызықты және тиімді тәсіл болып табылады, ол баланың жетістіктеріне қатысты ересек адамның бағасы мен балалар өз-өздеріне қоятын бағаны біріктіреді. Зерттеулер көрсеткендегі, бұл әдістеме жаман мінез-құлыштың үлесін қысқарту үшін жеткілікті дәрежеде тиімді болып табылады, ересектер мен балалар жақсы қабылдайды. Оқыту нәтижелері барлық білім беру процесіне қатысушылардың мінез-құлыш тәртіптілігімен тікелей байланысты болуына педагогтердің назарын аударамыз. Өзін-өзі басқару әдістемесіне үйрету кезінде бала өзінің мінез-құлышы мен ол бағаланатын шкаланың арасындағы қатынастар жүйесін түсінуі тиіс. Мәселен, Hoff және DuPaul мінез-құлышты бағалаудың мынадай шкаласын ұсынды [15].

5 (өте тамаша) – айтылған уақыт аралығының ішінде барлық мінез-құлыш қағидалары сақталады;

4 (жақсы) – қағидаларды бір рет бұзу орын алады, бірақ барлық қалған уақыт аралығында шарттар бұзылмаған;

3 (орташа) – бірнеше қағида бұзылған, бірақ елеулі бұзушылықтар жоқ;

2 (орташадан төмен) – бір немесе бірнеше қағида бұзылған, бірақ мінез-құлық жол берілмейтін ретінде бағаланған;

1 (нашар) – қағидалар барлық уақыт аралығында бұзылады, мінез-құлық жол берілмейтін ретінде бағаланады.

Егер білім алушының бағасы мұғалімнің бағасымен 1 балға сәйкес келмесе, онда білім алушыға ол өзіне өз бетінше қойған бағаны қалдыруға рұқсат беріледі. Егер білім алушының бағасы оқытушының тарапынан қойылған бағаға сәйкес келсе, онда білім алушыға сыйлық беріледі. Егер бағалар 2 балдан артық ерекшеленсе, оқытушының бағасы қалдырылады және көтермелуе берілмейді. Сыйақы жоғары бағалар үшін берілмейтініне, тек мұғалімнің бағасына дәлме-дәл сәйкес келгендей үшін берілетініне назар аударыңыздар. Өз наразылығынды тұтас баламен емес, баланың жекелеген нәтижелерімен және іс-әрекеттерімен білдірге болады. Біз баланы емес, оның әрекетінің нәтижелерін бағалаймыз. Баланың іс-әрекеттерін сынауға болады, бірақ сезімдерін емес. Баланың іс-әрекеттеріне наразылық білдіру жүйелі болмауы тиіс, әйтпесе ол оны қабылдамауға ұласады. Айналада жақсы атмосфера жасаңыз, оқушылардың жетістіктеріне және олардың өздеріне қызығушылықпен қараңыз [13].

Білім беру процесін жоспарлаудан бағалау бөлімі дәйекті түрде дұрыс қадам жасауды талап етеді. Аталған іс-шараны келесі үш тәсіл арқылы көрсетілген нұсқасын ұсынамыз:

- *Бағалау өлишем ретінде* – Факт (бағдарламаның мазмұны/білу және түсіну);

- *Бағалау процесс ретінде* – Қызметі /әрекет (Калай оқиды? Оқуға қандай әдістер көмектеседі? Қызметі портфолио арқылы көрінеді);

- *Бағалау ізденудің жолы ретінде* (Әлеуметтік дағдылар, бақылау дағдылары оны түсіндіру).

Кез келген бағдарламаны іске асыруда, бағалауды талап ететін жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қолдану маңызды. Бұл жағдайда қалыптастыруши бағалаудан жиынтық бағалауға ауысады сақтау қажет. Жиынтық бағалауда қалыптастыруши тапсырмалар қайталаңбау керек. Жиынтық бағалаудың тапсырмаларында қалыптастыруши бағалауда менгерілген тапсырмалар арқылы оқу дағдысын бағалауға мүмкіндік беретін жағдаяттарды ұсыну қажет.

Тәжірибеде шынымен де бұл өте күрделі, себебі мұғалімнен арнайы күш пен құрастыруға уақыт жұмсауды, қолдануды, талдауды және қайта қарауды қажет етеді. Сонымен қатар еске сақтау қабілеттері өте жоғары, бірақ кездейсоқ жағдайда оқу ақпаратын дұрыс қолдану мүмкіндігі жоқ оқушылар да болады. Дегенмен есте сақтау қабілеттері өте төмен оқушылар да бар, бірақ олар өздерінің практикалық әрекеті арқылы тапсырманы орындаپ, оқу материалын түсінгендей қорсете алады. Сонымен бірге өткен тәжірибелі үнемі талдап

отыруды қажет ететін (рефлексия), сонда ғана олар оқу нәтижесіне жете алатын білім алушылар бар.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мынандай сұрақ туындаиды: Біз барлығына тең бағалау процедурасын құрастыра аламыз ба? ЕБҚ бар балалар сыйыпта барлық балалармен сол тапсырманы орындау арқылы жоғары баға алуға мүмкіндігі бар ма? Бұл сұрақтарға бірден жауап беру мүмкін емес. Инклюзивті білім беруге ауысып жатқан бүгінгі кезенде, еліміздің білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты педагогтер бағалау мен жоспарлаудың тәсілдерін қарастыруы қажет.

Төмендегі кестеде (3-кесте) қалыптастыруыш бағалау үшін өзінің пәні негізінде Блум таксономиясы бойынша құрастырылған мұғалімнің рубрикасы берілген.


### **3-кесте – Бағалау рубрикасы**

Балдары	1-критерий: Білу және түсіну	2-критерий: Қолдану	3-критерий: Рефлексия
1-2	<i>Атайды, түгендейді, оқу материалы мазмұнының жеке кезеңдерін көрсетеді .</i>	<i>Айтады, тәжірибеде бағдарлама мазмұны бойынша ақпаратты қолданады.</i>	<i>Оқу процесі бойынша жасалған іс-әрекетін түгендейді.</i> <i>Мен сабакта не істедім?</i> <i>Мен қалай оқыдым?</i>
3-4	<i>Түсіндіреді, таңдайды, мазмұны бойынша ақпаратты топтастырады.</i> <i>Мазмұнына байланысты сұрақ қояды.</i>	<i>Арақатынасын белгілейді, шешім қабылдайды,</i> <i>бағдарлама мазмұны бойынша тәжірибеде ақпарат ретінде қолданылатыны мен қолданылмайтынын түсіндіреді.</i> <i>Өмірден мысалдар келтіреді.</i>	<i>Түсіндіреді, оқыту үдерісі бойынша сәтті әрекетін анықтайды.</i> <i>Менде не жақсы шығады?</i> <i>Маған оқуға не көмектесті?</i>
5-6	<i>Салыстырады, топтастырады, әртүрлі сабактың оқу материалын мазмұнына байланысты ақпаратты ретке келтіреді.</i> <i>Графикалық оқыту тәсілдері арқылы оқу материалын жинақтайды</i>	<i>Бағдарлама мазмұны бойынша тәжірибеде қолданылуы,</i> <i>қолданылмауы туралы ақпарат ретінде әзірлейді,</i> <i>біріктіреді,</i> <i>үйымдастырады.</i>	<i>Өзінің оқу процесін бағалайды.</i> <i>Менде не жақсы шығады? Маған жақсы оқуға не көмектесті? Ал не кедергі болды?</i>

### 3-кесте – жалғасы

	<i>және жүйелеуді қамтамасыз етеді (кестені, сыйбаны өз еркімен толтырады, жаңа тақырыпқа тірек конспектін құрастырады). Сұрақ қояды және оқу материалы мазмұны бойынша өзі сұрай алады.</i>	<i>Өмірден мысалдар келтіреді және оны талдайды.</i>	<i>Мен өзімнің жетістігімді қалай жақсартамын?</i>
Балдары	1-критерий: Білу және түсіну	2-критерий: Қолдану	3-критерий: Рефлексия

Сонымен оқытуды немесе нақты сабактарды жоспарлау мақсаты, міндеттері, жағдаяты және бағалаудың өзара әрекеттестігін ұсынады. Себебі бағалау тікелей жағдаятпен, мақсатпен және күтілетін нәтижелермен байланысты. Төмендегі сыйбада көрсетілген:



Сабакты күнделікті жоспарлауды тиімді ұйымдастыру үшін мұғалім кестені қолдануы қажет, онда мұғалімге өзін-өзі талдау нәтижесін толтыруға арналған баған бар. Өзін-өзі талдау мұғалімге сабактың жақсы өтуіне және міндетті түрде не қарастыру қажет екендігіне көмектеседі [16].

Мұғалімнің рефлексиясы ЕБҚ бар балаларды жалпы білім беру процесіне кіріктіруге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оқыту процесін тұтастай бағалайды.

Оқу нәтижесі бойынша ата-анаға немесе білім алушыға берілетін кері байланыс нысандарының бірі рубрика болып табылады. Рубрика педагогикалық қарым-қатынастың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде, ол білім алушылардың өзіндік білім алудағы табыстары мен қателіктерін, білім алушының педагогпен өзара қарым-қатынасын, оқуға деген уәждемені және білім алудағы көрінетін нәтижелерінің білім, дағды мен шеберліктің мақсатты деңгейі туралы идеалданған түсінктермен эксплициттік арақатынасының көмегімен оқыту мазмұнын жақсы менгеруге ықпал етеді. Рубриканы қолдану арқылы тек БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша ғана емес, сонымен қатар оқу процесінде тапсырмаларды орындау кезінде де бағалауды педагог пен білім алушылар арасындағы конструктивті диалогқа ауыстырады [17].

2019 жылы Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді, ұсынымдарда барлық тақырыптар бойынша рубрикаторлар берілген.

Рубрикаторлар – бұл нақты өлшемдер бойынша білім алушылардың жетістіктер деңгейінің толық сипаттамасы. Әдетте рубрикаторлар кесте (матрикалар) түрінде көрсетіледі, онда әрбір критерий үшін индикаторлар (критерийлерді нақтылауға болатын маңызды көрсеткіштер) ұсынылған.

Рубрикатор – бұл өлшемдерге негізделе отырып, білім алушының прогресін бағалау үшін қолданылатын матрица түріндегі бағалау құралы. Ол оқу материалын менгеру деңгейі бойынша әрбір сипаттаманың сапасын көрсететін (бастапқы, орта, жоғары) бағаланатын қатардан тұрады.

#### **4-кесте – Оқытудағы кері байланыстың деңгейлік дифференциациясының сипаттамасы**

<b>Денгейлер</b>	<b>Тапсырмаларды орындау пайызы</b>	<b>Сипаттама</b>
Бастапқы	0%-39%	<ul style="list-style-type: none"> <li>- пәндік терминдер мен ұғымдарды түсінеді және өз ойын айтады.</li> <li>- қарапайым тапсырмаларды орындауды және тікелей нұсқауларға сәйкес орындау процедуралары қажет ақпаратты әртүрлі нысандары (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде ұсынады және қарапайым қорытындыларды тұжырымдайды.</li> <li>- қарапайым тапсырмаларда шаблондарды таниды.</li> </ul>
Орта	40%-84%	<ul style="list-style-type: none"> <li>- пәндік терминдер мен ұғымдарды жеткілікті біледі және түсіндіреді.</li> <li>- тапсырмаларды орындауды және білімін практика жүзінде қолдана алады.</li> <li>- ақпаратты жинақтайды және қорытынды шығарады, алынған нәтижелерге дәлел келтіруі мүмкін.</li> <li>- типтік тапсырмалардағы ұлгілерді таниды, стандартты шешу жолдарын ұсынады және пайдаланады.</li> <li>- берілген тапсырмалардың шешімін табуда басқа пәндерден алған білімін, дағдысын пайдаланады.</li> </ul>
Жоғары	85%-100%	<ul style="list-style-type: none"> <li>- пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді.</li> <li>- күрделі тапсырмаларды орындауды және алған білімін табысты қолданады.</li> </ul>

#### 4-кесте – жалғасы

		<ul style="list-style-type: none"><li>- ақпаратты әртүрлі көздерден жинақтайды және толық негіздеумен қорытындыларды құрастырады, нақты, алынған нәтижелерге қисынды дәйекті дәлледер келтіреді.</li><li>- күрделі тапсырмаларды шешу жолдарын біледі, бірнеше жауаптар ұсынады.</li><li>- әртүрлі стратегияларды пайдаланады, алынған нәтижелердің маңызы мен негізділігін бағалайды.</li></ul>
--	--	--

Рубрикаторларды құрастыру бойынша зерделенген тәжірибе негізінде жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарының оқу жоспарлары бойынша рубрика әзірлеу алгоритмі ұсынылған. Аталмыш алгоритм бірнеше кадамдардан тұрады:

**1 қадам.** Пән бойынша білім алушылардың жетістіктерінің сараланған деңгейлерін анықтау. Мұғалім оқу процесінің материалдарын, нысандары мен тәсілдерін мұқият таңдаپ, материалдың әрқайсысының мақсатын айқындаپ, жеке оқу элементтеріне бөле отырып, сараланған тәсілде іске асыру.

**2 қадам.** Типтік оқу жоспары мен оқу бағдарламасын зерделеу, оқыту мақсаттарына талдау жүргізу, білім алу үдерісінде ерекше қындықтар туғызатын оқыту мақсаттарын анықтау, оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты негізінде бағалау критерийлерін құру.

**3 қадам.** Етістіктерді қарастыру – Блум пирамидасына сәйкес үйрену.

**4 қадам.** Рубрика оқушыға түсінікті болуы шарт, оны әрі қарай окуға ынталандыруы тиіс. Кері байланыстың сипаттамасын ескере отырып, рубрикада конструктивтік байланыс болуы тиіс, ол білім алушылардың белгілі бір білімдерге, дағдыларға қол жеткізу деңгейін бағдарлама ұсынымдарын ескере отырып толық көрсетуі тиіс. Конструктивті кері байланыс қателіктерді ғана көрсететін етістіктерді қолданудан бас тартуы керек. Конструктивті емес кері байланыс оқушының жіберген қателіктеріне мән беріп және де ол өз кезегінде оқушы мен ата-анаға кері әсерін береді.

**5 қадам.** Рубрика бөлім/тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша ғана емес, жазбаша жұмыстан кейін де қолданылуы тиіс. Рубрикалар оқушыларға жұмысты орындауға кіріскенге дейін белгілі болуы тиіс.

Осылайша, рубрикаторлар – бұл нақты өлшемдер бойынша білім алушылардың жетістіктер деңгейінің толық сипаттамасы. Әдетте рубрикаторлар кесте (матрицалар) түрінде көрсетіледі, онда әрбір критерий үшін индикаторлар (критерийлерді нақтылауға болатын маңызды көрсеткіштер) ұсынылған. Жұмыста рубрика бастапқы, орта, жоғары секілді оқу жетістіктерін бағалаудың үш деңгейінен тұрады.

Оқу пәндері бойынша ұсынылған айдарларда 5-9 сыныптар үшін басты миссия сақталған – оқушының кемшіліктерін емес, оқушының жетістіктерін көрсету [17].

Төменде жоғарыда аталған, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналасқан «Кепі байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралынан ұсынымдық сипатқа ие, әртүрлі сынып пәндері бойынша әзірленген рубрикалардан мысалдар келтіреміз.

Қосымшаларда ұсынылған рубрикалар бірынғай тұжырымдама бойынша әзірленген, оның мәні окушылардың оқу жетістіктері бойынша толық ақпарат беру болып табылады.

**5-кесте – 9-сыныптың «Қазақ тілі» пәні бойынша рубрика үлгісі**

<p style="text-align: center;"><b>Қазақ тілі</b>  <b>9 сынып</b></p>			
<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Оқу жетістіктерінің деңгейі</b>		
	<b>Бастапқы</b>	<b>Орта</b>	<b>Жоғары</b>
<b>«Жаһандану мәселелері» бөлімі</b>			
9.1.4.1 Мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтайды	<p>Мәтінді тындалап, ойын шамасына қарай жеткізеді. (Электр станциялардың тұтіндері ауаны ластаса, тастаған қоқыстар топырақ арқылы еніп, жер асты суларын ластайды...)</p> <p>Мәтіннің мақсатын анықтап үйрену керек</p>	<p>Мәтіннің мақсатын анықтап, ондағы негізгі ойды болжайды.</p> <p>Мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтай білуі қажет</p>	<p>Тұжырымды ой ұсынып, пікіріне мәтіннен дәлел келтіреді.</p> <p>Мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтайды.</p>
9.3.3.1 Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалардың мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазады	<p>Көрсетілген графикалардың мәтіндегі сөздерді көшіреді.</p> <p>Өндірістік процесстер, электр станциялары, жанармай тасымалы.</p> <p>Мәтін құрылымын сақтап, бірнеше графикалардың мәтіндегі деректерді салыстырып дағылану қажет</p>	<p>Мәтін құрылымын сақтап, бірнеше графикалардың мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырады.</p> <p>Маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жаза білуі керек</p>	<p>Қорытындылап, тұжырымдайды. Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалардың мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырады.</p> <p>Маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жаза біледі</p>

## 5-кесте – жалғасы

«Адам құқығы мен бостандығы» бөлімі			
9.1.1.1 Мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап береді, түпнұсқамен салыстырады	<p>Оқып, ойын шамасынша жеткізеді.          (Адам жұмыс істегендे нені білуі керек, сол туралы айтылған мәтінде. Эр жұмыскер өзінің құқығын бірінші жақсы білуі керек деп ойлаймын...)</p> <p>Мазмұн бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беріп дағдылану қажет</p>	<p>Мазмұн бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап береді.          (Еңбек келісімшарты кімде болуы керек? Еңбек келісімшарты әр жұмыскердің қолында болуы керек.          Келісімшарт нені айқындаиды?          Келісімшарт міндеттер мен құқықтарын айқындаиды...) Түпнұсқамен салыстырып үйрену керек</p>	<p>Негізгі ойды анықтап, зерделейді.          Мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап береді, түпнұсқамен салыстырады</p>



## 6-кесте – 9-сыныптың «Алгебра» пәні бойынша рубрика үлгісі

Алгебра			
9 сынып			
«Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері» бөлімі			
Оқу мақсаты		Оқу жетістіктерінің деңгейі	
		Бастапқы	орта
жогары			
«Тізбектер» бөлімі			
9.2.3.2 Тізбектің n-ші мүшесін табу, мысалы: $\frac{1}{2 \cdot 3}; \frac{1}{3 \cdot 4}; \frac{1}{4 \cdot 5}; \frac{1}{5 \cdot 6}; \dots$	Сан тізбегінің анықтамасының және берілу тәсілдерін біледі. Берілген формулалар бойынша тізбекті шығара алады. Тізбектің формуласын анықтай алуы керек	Тізбектің келесі мүшесін анықтай алады, берілген мәліметтер бойынша тізбектің формуласын анықтайды. Тізбекке берілген жоғары деңгейдің есептерін талдауда үрентуі қажет	Тізбекке берілген жоғары деңгейдің есептерін талдайды, анализ жасап, қорытындысын айтады
9.2.3.6 Геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану	Геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын қолданып есептер шығарады. Геометриялық прогрессиялардың формулаларын қолдана алуы қажет	Геометриялық прогрессиялардың формулаларын қолданып мүшелерін есептегендегі қосындысын және бірінші мүшесін табады. Геометриялық прогрессияның сипаттамалық қасиетін біліп және қолдана алуы керек	Берілген тізбек геометриялық прогрессия болатынын болмайтынын анықтайды, дәлелдейді. Тепе-тендікті дәлелдейді. Берілген сан берілген тізбектің мүшесі болатынын анықтайды

**7-кесте – 9-сыныптың «Физика» пәні бойынша рубрика үлгісі**

<b>Физика</b> <b>9 сынып</b> <b>«Кинематика негіздері» бөлімі</b>			
<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Оқу жетістіктерінің деңгейі</b>		
	<b>Бастапқы</b>	<b>Орта</b>	<b>Жоғары</b>
9.2.1.1 Материялық нүктесі, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану	Материялық нүктесі, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіреді, мысалдар келтіреді ұшақтың бір нүктеден екіншісіне қозғалысы немесе ұшақтың әуежайдығы тұрағы. Барлық қозғалмайтын заттардың жермен бірге айналуы. Ұғымдардың физикалық мәнін, есептеу жүйесін түсіндіре алуы керек	Материалдық нүктесі болып табылатын денелердің мысалдарын көрсетеді. «Материалдық нүктесі» ұғымының физикалық мәнін, есептеу жүйесін түсіндіреді, жол және қозғалу, жылдамдық ұғымын ажыратады. Есептерді шешуде жылдамдықтар мен орын ауыстыруларды қосу теоремаларын қолданады.	Материалдық нүктенің қозғалысы, оның траекториясы туралы мәлімет келтіреді және өмірден мысалдар келтіреді. Есептерді шешуде жылдамдықтар мен орын ауыстыруларды қосу теоремаларын қолданады. Дене қозғалысының траекториясын бейнелейді, қозғалыс кестесін құрастырады және нәтижелі жылдамдық пен жылжуды анықтайды

## 7-кесте – жалғасы

<p>9.2.1.3 вектордың координаталар осіне проекциясын анықтау, векторды құраушыларға жіктеу</p>	<p>Вектордың белгіленуін есте сақтайты, векторлық және скалярлық шамаларды ажыратады, оның бағытын көрсеткімен көрсетеді</p>  <p>Вектордың координаттық оське проекциясын вектордың көлдененең және тік құрамдастарға ыдырауын тауып үйренуі керек</p>	<p>Вектордың координаттық оське проекциясын вектордың көлдененең және тік құрамдастарға ыдырауын табады және оның координаттарын табады</p>  <p>Дененің соңғы жағдайының координаттарын таба білуі қажет</p>	<p>Векторларды қосу және азайту, санға көбейту кезінде білімді қолданады, дененің соңғы жағдайының координаттарын табады</p>
<p>9.2.1.5 Тұзу сызықты теңайнималы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және ұдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану;</p>	<p>Физикалық шамалардың, олардың өлшем бірліктерінің белгіленуі мен айтылуын есте сақтайты V (м/с)-жылдамдық, a (м / с<sup>2</sup>) жеделдету. Формула арқылы бастапқы және соңғы жылдамдықты көрсете алуы керек</p>	<p>ӨК жүйесіндегі жылдамдық пен ұдеуді өлшеу бірліктерін түрлендіреді, олардың формулаларын жазады. Жылдам қозғалысты баяулатудан ажыратады, формула арқылы бастапқы және соңғы жылдамдықты көрсетеді (V<sub>0</sub> және V) Жылдамдық және жылдамдату формулаларын қолданып үйренуі қажет</p>	<p>Есептерді шешуде тең уақыттық тік сызықты қозғалыс кезінде жылдамдық және жылдамдату формулаларын қолданады, осы формулалардан басқа физикалық шамаларды (уақыт, орын ауыстыру) шығарады</p>

## 8-кесте – 9-сыныптың «Биология» пәні бойынша рубрика үлгісі

<p style="text-align: center;"><b>Биология</b>  <b>9 сынып</b></p> <p style="text-align: center;"><b>«Жасушалық биология және тірі ағзалардың көптүрлілігі, экология және биосфера» бөлімі</b></p>			
<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Оқу деңгейінің жетістігі</b>		
	<b>Бастапқы</b>	<b>Орта</b>	<b>Жоғары</b>
9.1.1.2 Өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)	<p>Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін қолдануды біледі.</p> <p>Ағзалардың морфологиялық белгілерін анықтауда керек</p>	<p>Ағзалардың морфологиялық белгілерін оларды анықтауда, теза, антителдерді қолдануда, A/B/C/D/E ағзаларын анықтайды.</p> <p>Өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін дұрыс қолдана білуі керек</p>	<p>Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін дұрыс қолданады</p>
9.3.1.4 Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сыйбасын құру	<p>Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сыйбасын түсінеді.</p> <p>Жануар ағзасындағы көмірқышқыл газының атмосфераға өту үрдісін анықтай білуі керек</p>	<p>Табиғатта көміртектің айналымы барысында жүретін A/B/C/D үрдістерін, өсімдік және жануар ағзасындағы көміртектің қосылысты анықтағанда, жануар ағзасындағы көмірқышқыл газының атмосфераға өту үрдісін анықтайды.</p> <p>Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сыйба түрінде дұрыс сыйзып, талдай алуы қажет.</p>	<p>Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сыйба түрінде дұрыс сыйзып, талдайды</p>

## 9-кесте – 9-сыныптың «География» пәні бойынша рубрика үлгісі

<p style="text-align: center;"><b>География</b>  <b>9 сынып</b>  <b>«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі</b></p>			
<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Оқу деңгейінің жетістігі</b>		
	<b>Бастапқы</b>	<b>Орта</b>	<b>Жоғары</b>
9.1.1.1 География ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды	<p>География ғылымының дамуына қосқан қазақстандықтардың зерттеулерін зерделеп, жетекші ұфымдарға анықтама береді.</p> <p>Қазақстанның физикалық географиясының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдары білуі керек</p>	<p>Қазақстанның физикалық географиясының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдарын енбектері жайлы кесте толтырады.</p> <p>Қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндай алуы қажет</p>	<p>Ақпарат көздерін пайдаланып:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Ш. Уалиханов – саяхатшы және этнограф-ғалым»</li> <li>2. «К. Сәтбаевтың Қазақстан ғылымы мен металлургия өнеркәсібінедегі рөлі» атты ақпарат дайындауды /тандау бойынша/</li> </ol>
9.1.1.4 Қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді	<p>Берілген мәтіннен Қазақ халқының, халықтық терминмен аталған жер-су аттарын сипаттайтын сипаттайды.</p> <p>Қазақ халқының халықтық географиялық терминдерін анықтауы керек</p>	<p>Нысандардың топонимдерінің мағынасын талдап, топтастырып, кесте сыйады.</p> <p>Терминдердің мағынасын түсіндіре білуі қажет</p>	<p>Айтылуы бірдей нысандардың неге әртүрлі топонимге жататынын дәлелдейді</p>
9.1.1.5 Зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынып, жинақтайды	<p>Зерттеу нәтижелерін түрлері сигналдық, анықтамалық формаларға анықтама береді.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсына алуы керек</p>	<p>Зерттеу нәтижелеріне ұсынуға қойылатын талаптарды талдап, тақырыпта жоспар құрады /мұғалімнің ұсынған тақырыптары бойынша/</p> <p>Зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсына білуі керек</p>	<p>Ғылыми зерттеулерде әмпирикалық және теориялық әдістерді қолдану аясын зерделеп, мысал келтіреді</p>

## **2 ЕБҚ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстандық білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі әрбір бала үшін сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті, колледждер мен университеттерде жаңа кәсіби дағыларға ие болуды, зерттеу және шығармашыл құзыреттіліктерді дамытуды, өмір бойы білім алушуды болжайды.

Тұгастай білім беру процесінің маңызды құрамдасты – білім алушылар қызметінің нәтижесін бағалау процесі. Жаңартылған мазмұндағы мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттары негізгі жалпы білім мазмұнына да, жалпы білім мазмұны деңгейін игеру нәтижелеріне де жаңа талаптар қоюда.

Білім беру мазмұнын жаңарту процестері оку жетістіктеріне қатысты көзқарасты және оларға сәйкес бағалау тәсілдерін қайта қарастыруға алып келді. Осыған байланысты заманауи мектеп бағалау жүйесін мазмұнды, обьективті, сарапанған және әділ етуге тырысуы керек.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүйесінің негізгі обьектілері МЖМБС-ны және негізгі, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын игеру болып табылады.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығында келесі анықтама берілген: «*білім алушыларды қорытынды аттестаттау – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында қарастырылған оку пәндерінің көлемін менгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім» [2].*

Одан кейін заңда нысандарын, шарттарын, рәсімдерін сипаттаумен білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үлгілік белгіленген тәртібі берілген.

Осы бұйрықтың 37-тармағында 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі деп көрсетілген:

1) ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – жазбаша жұмыс (эссе), гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әнгіме, эссе);

2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;

3) орыс, өзбек, үйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;

4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан.

Ескере кететін жайт, республика мектептерінде 2019/2020 оқу жылында 11-сыныптардағы қорытынды аттестаттау ескі формат бойынша өткізіледі, себебі 11-сыныптағы қазіргі түлектер оқуды 2012 жылғы МЖМБС бойынша аяқтайды.

Осыған байланысты осы әдістемелік ұсынымдар негізінен 9-сынып түлектеріне арналған.

Білім беру саласындағы инновациялық процестер ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ортасына біріктіруге бағытталған. Инклузивті білім беру тек білім алу құқығын берумен шектелмейді, мемлекет экономиканың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін сапалы біліммен қамтамасыз етуі тиіс.

Инклузивті білім беруді дамыту орталығы ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар 9 сынып оқушыларын, оның ішінде жеке оқу бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларды есепке ала отырып, еліміздің барлық өнірлері бойынша 9 сынып оқушыларының санына мониторинг жүргізді.

Білім басқармаларынан келіп түсken деректерге сәйкес республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 9-сынып оқушыларының саны 266 059 мың білім алушыны құрады, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың саны – 2823, бұл 9-сынып оқушыларының жалпы санының орта есеппен 1%-ын құрады. Бұл ретте ЕБҚ бар 9 сынып оқушыларының үлесі ең төмен 0,22% (Манғыстау обл.). ең жоғары – 4,40% (Костанай обл.) құрады.


#### **10-кесте – ҚР-да аймақтар бөлінісінде 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының тізімі**

Аймақ	Жалпы 9-сынып білім алушылары саны	ЕБҚ бар 9-сынып білім алушылары саны	%
Ақмола	10446	179	1,71%
Ақтөбе	12035	83	0,68%
Алматы	32391	190	0,58%
Атырау	9893	100	1,01%
БҚО	8828	158	1,78%
Жамбыл	18482	182	0,98%
Қараганды	17184	129	0,75%
Қостанай	9508	423	4,40%
Қызылорда	12867	105	0,81%
Манғыстау	11566	26	0,22%
Павлодар	9109	137	1,50%
СКО	6569	95	1,44%
Түркістан	39362	295	0,74%
ШКО	16260	347	2,10%


## **10-кесте – жалғасы**

1	2	3	4
Нұр-Сұлтан қ.	12818	119	0,92%
Алматы қ.	22831	48	0,21%
Шымкент қ.	15910	207	1,30%
Барлығы	266059	2823	1%

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 9-сынып оқушыларының ең көп саны Қостанай облысында кездеседі және бұл көрсеткіш облыстағы 9-сынып оқушыларының жалпы санының 4,40%-ын құрайды. Ең аз көрсеткішті Алматы қаласынан байқауымызға болады. Бұл өнірде ЕБҚ бар 9-сынып оқушылары 9-сынып оқушыларының жалпы санының 0,21%-ын құрайды. Жалпы республика бойынша жалпы білім беретін мектептерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 9-сынып оқушылары үлесінің орташа көрсеткіші 9-сынып оқушыларының жалпы санының 1%-ын құрады.



## **1-сурет. ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының саны бойынша аймақтар бөлінісіндегі статистикалық мәліметтер**



**2-сурет. ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша 9-сынып білім алушыларының жалпы санына ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының қатынасы**

Республикамызда 9-сыныптар қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және т.б. тілдерде білім алуда; олардың ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар қазақ тілінде оқытын білім алушылардың үлесі 54%-ды, орыс тілінде оқытын білім алушылардың үлесі 45%-ды және өзге тілде білім алушылар үлесі 1%-ды құрайды.


**11-кесте – ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының саны бойынша тілдер бөлінісіндегі статистикалық мәліметтер**

Аймақ	ЕБҚ бар 9-сынып білім алушылары саны	оның ішінде қазақ тілінде	оның ішінде орыс тілінде	оның ішінде ұйғыр тілінде	оның ішінде өзбек тілінде
Ақмола	179	39	140		
Ақтөбе	83	61	22		
Алматы	190	138	50	2	
Атырау	100	85	15		
БҚО	158	103	55		
Жамбыл	182	122	60		
Қарағанды	129	48	81		
Қостанай	423	79	358		
Қызылорда	105	105	0		
Маңғыстау	26	24	2		
Павлодар	137	41	96		
СҚО	95	15	80		
Түркістан	295	286	9		

## 11-кесте – жалғасы


1	2	3	4	5	6
ШҚО	347	148	199		
Нұр-Сұлтан қ.	119	57	62		
Алматы қ.	48	25	21	2	
Шымкент қ.	207	165	31		11
Барлығы	2823	1541	1281	4	11

Республикамызда 9-сыныптар қазақ, орыс, үйғыр, өзбек және т.б. тілдерде оқитын балалар келесі диаграммада көрсетіледі.



3-сурет. ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының аймақтар бойынша тілдер бөлінісіндегі үлесі

Сонымен қатар басқа тілдердер бөлінісідегі үлесі келесі диаграммада көрсетіледі.




4-сурет. ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының тілдер бөлінісіндегі үлесі

Республикада 9-сыныпта ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 2823 оқушысы оқиды, оның ішінде 1231 білім алушы жеке оқу бағдарламасы бойынша оқиды, бұл орта есеппен 44%-ды құрайды. Жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың ең көп сандық көрсеткіші Түркістан облысында байқалады: 295 білім алушының 270-і (92%), ең аз көрсеткіші Қызылорда облысында: 105 білім алушының 3-еуі (3%) байқалады.

**12-кесте – ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алатын 9-сынып білім алушыларының саны бойынша аймақтар бөлінісіндегі статистикалық мәліметтер**

Аймақ	ЕБҚ бар 9-сынып білім алушылары саны	Олардың ішінде жеке білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар саны	%
Ақмола	179	58	32%
Ақтөбе	83	42	50%
Алматы	190	101	53%
Атырау	100	64	64%
БҚО	158	62	39%
Жамбыл	182	103	57%
Қарағанды	129	41	32%
Қостанай	423	136	32%
Қызылорда	105	3	3%
Маңғыстау	26	24	92%
Павлодар	137	82	60%
СҚО	95	54	57%
Түркістан	295	270	92%
ШҚО	347	137	39%
Нұр-Сұлтан қ.	119	55	46%
Алматы қ.	48	17	35%
Шымкент қ.	207	118	57%
Барлығы	2823	1231	44%

Төменде Қазақстан Республикасында 2019-2020 оқу жылы бойынша жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алатын 9-сынып білім алушыларының үлесінің диаграммасы беріледі.




### **5-сурет. ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алатын 9-сынып білім алушыларының үлесі**

Төменде қала-ауыл бөлінісіндегі ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының көрсеткіші келтірілген. Қалалық мектептерде ЕБҚ бар білім алушылар саны 1291 баланы құраса, ауылдық жерлерде 1531 баланы құрайды, ол 54%-ды құрайды. Осылайша, ауылдық мектептерде ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының саны қалалық мектептерге қарағанда көбірек.

### **13-кесте – Қазақстан Республикасында 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының саны бойынша қала/ауыл бөлінісіндегі статистикалық мәліметтер**

Аймақ	ЕБҚ бар 9-сынып білім алушылары саны
қалада	1291
ауылда	1534

Төменде Қазақстан Республикасында 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының қала/ауыл бөлінісіндегі үлесі диаграммамен беріледі.



### **6-сурет. ҚР-да 2019-2020 оқу жылы бойынша ЕБҚ бар 9-сынып білім алушыларының қала/ауыл бөлінісіндегі үлесі**

Жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша еліміздің барлық өнірлерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 9-сынып оқушылары, оның ішінде жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар бар екенін байқаймыз. Бұл факт ел мектептерінде 2019-2020 оқу жылында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуудің жаңа форматы бөлігіндегі осы әдістемелік ұсынымдардың өзектілігін атап көрсетеді.

Емтиханнан босатылмаған 9-сынып оқушылары қорытынды аттестаттаудан өтуі тиіс. Жеке оқу бағдарламасы бойынша оқытын 9-сынып оқушылары емтиханнан босатылғаны туралы анықтамасының болғанына қарамастан, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің келісімімен өз қалауы бойынша қорытынды аттестаттау емтихандарын тапсыра алады. Осыған байланысты білім беру үйымдары оларға барлық білім алушыларға олардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, қорытынды аттестаттаудан өту үшін белгіленген тәртіппен жағдай жасауға мүмкіндік беруі тиіс.

Білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, қорытынды аттестаттауды үйымдастыру тәртібі, рәсімдері мен шарттарын қарастырайық.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бүйрығымен «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуудің үлгілік қағидалары» бекітілді. Бұл қағидаларда ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау бойынша тармақтар белгіленген.

Осы бүйрықтың жанартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізуудің тәртібі бойынша 3-тарауында ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді делінген.

4-тарауда білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі сипатталған. Оған сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқытын білім алушыларға қорытынды аттесттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді. Арнайы білім беру үйымдары мен жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарындағы ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы өзірлейді.

Осы бүйрықтың 58-тармағына сәйкес 9 (10) сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға – 2 астрономиялық сағат, математикаға (алгебраға) (жазбаша) – 3 астрономиялық сағат (физика-математикалық бағыттағы

мамандандырылған мектептерде – 4 сағат) бөлінеді. Қорытынды аттестаттаудан өтетін ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін мектептің ұсынымдарына сәйкес Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) шешімімен емтихан тапсыру кезінде қосымша уақыт беріледі.

Осы бұйрықтың 61-тармағына сәйкес жазбаша емтихан өтіп жатқан кезеңде (диктанттан басқа) білім алушының 5 минутқа сынып бөлмесінен шығуына рұқсат беріледі. Ондай жағдайда ол жұмысын Комиссияға тапсырады, емтихан жұмысына білім алушының шығып келген уақыты жазылады. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін үзіліске арналған ұзақтау уақыт ұсынылады.

Осы бұйрықтың 50-бұйрығына сәйкес (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен, республикалық мектептердің білім алушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі – Министр) бұйрығымен мынадай жағдайларда босатылады:

- денсаулық жағдайына байланысты;
- I-II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар, халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер;
- жақын туыстарының қайтыс болуы (ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже);
- әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан босату туралы бұйрықтар мынадай құжаттар негізінде шығарылады:

1) осы Қағидалардың 50-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушылар санаты үшін «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген № 035-1/е нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

2) осы Қағидалардың 50-тармағында көрсетілген білім алушылар санаты үшін мектептің педагогикалық кеңесінің шешімінен көшірме және мектептің қолдау хаты;

3) осы Қағидалардың 50-тармағында көрсетілген білім алушылар санаты үшін «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес білім алушының оқу үлгерімі туралы

табелінің (бұдан әрі – табель) телнұсқасы және көшірмесі. Табельдің түпнұсқасы оның көшірмесімен сәйкестігі тексерілгеннен кейін мектеп әкімшілігіне қайтарылады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталады.

Қорытынды аттестаттау кезеңінде ауырып қалған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары сауыққаннан кейін өткізіп алған емтихандарды тапсырады [2].

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы №509 бұйрығына сәйкес өзгертулермен және толықтырулармен) 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – жазбаша жұмыс (эссе), гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);

2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;

4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан.

9 (10) сынып білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын (тапсырмалар мен балдарды қою схемасы) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары (бұдан әрі – білім басқармалары), республикалық мектептердің 9 (10) сынып білім алушылары және мектептердің 11 (12) сынып білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) дайындайды.

Оқу пәндері бойынша әзірлеушілер тобы қорытынды аттестаттау бойынша тапсырмалар нұсқаларын әзірлеуде:

- ана тілі мен математика пәндері бойынша жалпы білім беретін мектептеп үшін – 2 нұсқа (негізгі) + 1 нұсқа (қосымша);

- гуманитарлық циклдағы пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан үшін – 2 нұсқа (негізгі) + 1 нұсқа (қосымша);

- физикалық-математикалық бағыттағы мамандандырылған мектептер үшін математика пәні бойынша жазбаша емтихан үшін – 2 нұсқа (негізгі) + 1 нұсқа (қосымша);

- барлық мектептерде орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде оқытын сыныптар үшін қазақ тілі мен әдебиеті бойынша, қазақ тілінде оқытын сыныптар үшін орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан үшін – 2 нұсқа (негізгі) + 1 нұсқа (қосымша);

- тандау пәні бойынша (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) барлық мектептер үшін – 2 нұсқа (негізгі) + 1 нұсқа (қосымша);

- арнайы ұйымдар, арнайы сыныптар мен топтар үшін – 1 нұсқа.

- білім беру ұйымдарындағы ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылар үшін – білім алушының жеке оқу жоспарына сәйкес нұсқа (Негіздеме: «Тиісті ұлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бұйрығы: инклузивті білім беру жағдайларында білім алғышын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ұсынымдары бойынша ұлгілік оқу немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша оқиды (ескерту – ЕБҚ бар балалар үшін қорытынды аттестаттау бойынша оқу тапсырмаларын білім беру ұйымдары педагогтері әзірлейді және педагогикалық кеңесте бекітеді).

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес ЕБҚ бар білім алушыларды және жеке оқу бағдарламалары бойынша оқытын білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді.

Педагогикалық кеңесте осы мәселелерді қарау үшін негіз – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығы. Оған сәйкес: Педагогикалық кеңес:

- 1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
- 2) жұмыс оқу жоспарларын бекіту;
- 3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;

4) инклузивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ұлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім

алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

5) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау мәселелерін қарастырады [18].

Осылайша, әрбір пән бойынша қорытынды аттестаттаудың мақсаты – негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес пән бойынша оқу бағдарламасы көлемін білім алушының менгеру деңгейін анықтау.

Білім алушылардың қорытынды аттестаттауы жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімдері мен біліктірі, сонымен қатар дағдылары деңгейі МЖМБС-ның күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Білім алушылардың қорытынды аттестаттауы формативті және суммативті бағалаудан тұратын критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Қорытынды аттестаттау спецификациясы критериалды бағалау жүйесімен және жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларымен тығыз байланыста құрылған.

Емтихан сұрақтарының мазмұны білім алушылар менгеруі тиіс дағдылар мен пән бойынша оқу бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне жетуге бағытталған.

#### Критериалды бағалау жүйесі



7-сурет. Критериалды бағалау жүйесі

Емтихан сұрақтарын бағалау балдық жүйе бойынша жүзеге асады, балға қатысты пайыздық қатынас анықталып, сәйкесінше баға қойылады.

Спецификация білім беру деңгейіне сәйкес қорытынды суммативті бағалауды жүргізуге, мазмұнға, құрылымға қойылатын талаптардан тұрады.

Қорытынды аттестаттау мазмұны және күтілетін нәтижелер әр пән және оқыту тілі бойынша регламенттеледі.

Төменде қорытынды аттестаттау спецификациясына сәйкес әр пән бойынша емтихан сұрақтарының сипаттамасы берілген.

**1. Ана тілі бойынша жазбаша емтихан** (ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – жазбаша жұмыс (эссе), гуманитарлық циклдағы пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептердің білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)

Оқылым және жазылым	2 сағат
Емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 400-450 сөз).	
Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде екі мәтіндегі ақпараттарды өндей отырып, 170-200 сөзден тұратын жазба жұмысын (эссе) орындаиды.	
Гуманитарлық циклдағы пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептің білім алушылары үшін емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 450-500 сөз). Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде екі мәтіндегі ақпараттарды өндей отырып, 200-250 сөзден тұратын жазба жұмысының 1-еуін (мақала, эссе, әңгіме және т.б.) орындаиды.	
Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын өндей отырып тиімді пайдалануы, стильдік және жанрлық ерекшелікті сақтап, аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады.	
Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.	
Максималды балл	20 балл

### Бағалау міндеттері

1-БМ	<b>Коммуникативтік құзырлық</b> Білім алушы: - әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратты (мәтіндік, сандық, графикалық) түсініп, интерпретациялауы; - әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алып, оларды талдауы және жинақтауы;
------	---

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім алушы естіген және оқыған ақпараттарын жинақтай отырып, әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазуы;</li> <li>- ұсынылған ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, өзінің проблемалық сипаттағы мәтінін (мақала, эссе, хат және т.б.) жазуы тиіс.</li> </ul>
2-БМ	<p><b>Тілдік құзырлық</b>          Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық, пунктуациялық нормаларды сақтауы тиіс.</li> </ul>

### **Бағалау міндеттері бойынша балдардың бөлінуі кестеде ұсынылған.**

<b>Бағалау міндеттері</b>	<b>Балл</b>
1-БМ Коммуникативтік құзырлық	10
2-БМ Тілдік құзырлық	10
<b>Барлығы</b>	<b>20</b>

### **Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі**

Емтихан жұмысы үшін балл қою үдерісін ұсынылған балл қою сызбасы негізінде аттестациялық комиссия жүзеге асырады.

Білім алушылардың қойылған балдары балдарды бағаға айналдыру шекіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

<b>Емтихан жұмысының балдары</b>	<b>Балдардың проценттік құрамы, %</b>	<b>Баға</b>
0-7	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
8-12	40-64	3 (қанағаттанарлық)
13-16	65-84	4 (жақсы)
17-20	85-100	5 (өте жақсы)

### **Бағалар сипаттамасы**

Бағалар сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайдын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Тәжірибеде ұсынылған баға білім алушылар жұмысының бағалау міндеттеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты.

<b>Баға</b>	<b>Сипаттама</b>
5	<p>Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді.</p> <p>Әртүрлі типтегі, жанр мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, өндеп қолданады.</p>

	<p>Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, мақсатты аудиторияның назарын өзіне аудара алады, идеяларды терең түсінгендей көрсетеді.</p> <p>Ақпаратты терең талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, ұсынылған тақырыпты толықтай ашады, ойын жүйелі, еркін жеткізеді. Тілі жатық, тақырыпқа сай лексиканы ұтымды, дәлме-дәл қолданады.</p> <p>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді, мәтін құрылымын қатаң сақтайды. Бірден көп емес орфографиялық/грамматикалық/пунктуациялық ұсақ қатесі бар немесе мұлде жоқ.</p>
4	<p>Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетеді.</p> <p>Әртүрлі типтегі, жанр мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, өндеп қолданады. Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, мақсатты аудиторияның назарын өзіне аудара алады, алайда маңызды идеяларды назардан тыс қалдырады.</p> <p>Ақпаратты жеткілікті деңгейде талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, ұсынылған тақырыпты ашады, ойын жүйелі жеткізеді. Тілі түсінікті, тақырыпқа сай лексиканы орынды қолданады. Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді, мәтін құрылымын сақтайды.</p> <p>Үштен көп емес орфографиялық/грамматикалық және пунктуациялық ұсақ қателер кездеседі.</p>
3	<p>Білім алушы пән бойынша базалық білімін көрсетеді.</p> <p>Әртүрлі типтегі, жанр мен стильдердегі мәтіндерден аздаған ақпараттарды қолданады.</p> <p>Ұсынылған тақырып бойынша сөздік қоры шектеулі, қолданылған лексика мен құрылымдар жалпы мазмұнды түсінуде қиындық тудырады. Мағыналық ірі қателер кездеседі.</p> <p>Жанрлық және стильдік ерекшеліктер, мәтін құрылымы сақталмайды.</p> <p>Үштен орфографиялық/грамматикалық/пунктуациялық қателер кездеседі.</p>
2	Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.

## 2. Математика (алгебра) бойынша жазбаша еміхан

Орындау уақыты	3 сағат
----------------	---------

Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады.

**А бөлімі** бес ұсынылған жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты тандауға берілген 10 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.

**В бөлімі** 8-10 қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Тапсырмалар 2-8 балл аралығында бағаланады.

Білім алушылар математикалық құралдарды қолдана алады: сызығыш және циркуль.

Калькуляторды пайдалануға рұқсат етілмейді.

**Барлығы**

**50 балл**

## Бағалау міндеттері (БМ)

1-БМ	<b>Математикалық тәсілдер</b> Білім алушылар математикалық фактілерді, ұғымдарды және тәсілдерді қайта жаңғырта, тандай және қолдана білуі керек.
2-БМ	<b>Математиканы қолдану</b> Білім алушылар: - есепті шығару кезінде тиімді тәсілдеме тандауды және қолайлы әдіс қолдануды (көпсатылы есептерді қоса алғанда) білуі; - математикалық әдіс-тәсілдерді қолданып және мәнмәтінге сәйкес шешімдерін түсіндіре отырып, жағдаяттардың математикалық моделін құра (өмірдегі жағдайаттарды қоса алғанда) білуі; - шешімді ұсыну және математикалық тұжырымдарды дәлелдеу үшін логикалық аргументтерді пайдалана білуі; - сәйкес математикалық символика және жазбаларды қолданып, шешімдерді ұсыну және аргументтер көлтіре білуі тиіс.

## Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері	Всего
1-БМ Математикалық тәсілдер	<b>25</b>
2-БМ Математиканы қолдану	<b>25</b>
<b>Барлығы:</b>	<b>50</b>

## Бөлімдер бойынша балдардың үлестірілуі.

Сандар	Алгебра	Статистика және ықтималдықта р теориясы	Математикалы қ модельдеу және анализ

16% - 24% (8-12 балл)	42% - 50% (21-25 балл)	12% - 20% (6-10 балл)	16% - 24% (8-12 балл)
--------------------------	---------------------------	--------------------------	--------------------------

### **Емтихан жұмысына балл қою және баға беру процесі**

Емтихан жұмысы үшін балл қою процесін ұсынылған балл қою схемасының негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға аударылады.

<b>Емтихан жұмысының балдары</b>	<b>Балдардың проценттік құрамы, %</b>	<b>Баға</b>
0 – 19	0 – 39	2 (қанағаттанарлықсыз)
20 – 32	40 – 64	3 (қанағаттанарлық)
33 – 42	65 – 84	4 (жақсы)
43 – 50	85 – 100	5 (өте жақсы)

### **Бағалар сипаттамасы**

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

<b>Баға</b>	<b>Сипаттама</b>
5	<p>Білім алушы пәнді өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.</p> <p>Білім алушының оқу бағдарламасына енгізілген математикалық амалдарды қолдануда құзыреттілігі бар. Берілген жағдайға байланысты қажетті әдіс-тәсілді таңдай алады. Білім алушының арифметикадан жақсы білімі бар, сонымен қатар дәл есептеулер жүргізе алады. Білім алушы белгілі және белгісіз мәнмәтінде, соның ішінде көпсатылы есептер шығаруда тәсілдерді дұрыс пайдаланады.</p> <p>Білім алушы есеп шығару кезінде математикалық түрғыдан жақсы ойлайды және математикалық тәсілдерді тандау себебін нақты негіздей алады.</p>
4	<p>Білім алушы пәнді жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.</p> <p>Білім алушының оқу бағдарламасына енгізілген көптеген математикалық тәсілдерді қолдануда құзыреттілігі бар. Берілген жағдайға байланысты қажетті әдіс-тәсілді таңдай алады. Білім алушының арифметикадан жақсы білімі бар. Білім алушы белгілі мәнмәтінде есептердің, соның ішінде</p>

	көпсатылы есептердің көпшілігін шығаруда өз білімдерін қолданады. Өз шешімдерінде білім алушы математикалық дәлелдемелер пайдаланады. Шешім табу үшін тиімді әдістәсілдерді пайдаланады және шешімдері қаншалықты шындыққа негізделгенін тексереді.
3	Пән бойынша базалық білім көрсетеді. Білім алушының оқу бағдарламасына енгізілген кейбір математикалық тәсілдерді қолдануда құзыреттілігі бар. Білім алушы стандартты арифметикалық есептеулер, алгебралық түрлендірулерді орындай алады. Білім алушы типтік есептерді шешуде өз білімдерін қолданады. Кей жағдайларда қарапайым есептерді шешу барысында қолайлы математикалық тәсілдерді анықтап, оларды шешім табу үшін қолданады. Кейбір жағдайларда өздерінің жауаптарын мәннәтінге сәйкес түсіндіреді.
2	Білім алушының пән бойынша базалық білімі жоқ.

**3. Қазақ тілінде оқитын сыныптар үшін орыс тілі мен әдебиеті бойынша және орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде оқитын сыныптар үшін қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан**

Время выполнения	2 часа
Экзаменационная работа состоит из трёх обязательных заданий, выполняемых по одному тексту, которая оценивает способности обучающихся демонстрировать навыки понимания прочитанного (чтение на понимание основного содержания, чтение на полное понимание прочитанного). Вопросы направлены на проверку словарного запаса, правильного применения грамматических структур русского языка, на понимание текста.	
В <b>Задании 1</b> обучающиеся находят в тексте слова, которые соответствуют предложенными определениям.	
В <b>Задании 2</b> обучающиеся составляют предложения, которые должны начинаться с заданных слов и означать то же самое, что и исходное предложение.	
Задания 1 и 2 оценивают понимание лексического значения слов на основе прочитанного текста и грамматические навыки.	
В <b>Задании 3</b> обучающиеся отвечают на вопросы по тексту, требующие краткого и/или развёрнутого ответа, извлекая общую и специфическую информацию, выражая собственные мысли и мнение, делая выводы по прочитанному.	
Задание 3 оценивает понимание содержания прочитанного текста и грамматические навыки.	
Максимальный балл	30 балл

## **Задачи оценивания**

3О1	<b>Коммуникативная компетенция</b> Обучающиеся должны уметь - понимать содержание сплошных и несплошных текстов определенной сложности в рамках изученных тем; - анализировать и синтезировать содержание текста, формулируя обоснованные выводы и критическую оценку прочитанного; - распознавать явное и скрытое значение слов, значение средств художественной изобразительности; - использовать определенные стратегии чтения.
3О2	<b>Языковая компетенция</b> Обучающиеся должны уметь - соблюдать грамматические, орфографические и пунктуационные нормы.

## **Распределение баллов**

Задачи оценивания	Всего
3О1 Коммуникативная компетенция	5
3О1 Коммуникативная компетенция	10
3О2 Языковая компетенция	5
3О1 Коммуникативная компетенция	5
3О2 Языковая компетенция	5
<b>ВСЕГО</b>	<b>30</b>

## **Процесс выставления баллов и оценки за экзаменационную работу**

Процесс выставления баллов за экзаменационную работу осуществляется аттестационной комиссией на основании предоставленной схемы выставления баллов. Выставленные баллы обучающихся переводятся в оценку согласно шкале перевода баллов в оценки.

Баллы экзаменационной работы	Процентное содержание баллов, %	Оценка
<b>0 – 11</b>	0-39	2 (неудовлетворительно)
<b>12 – 19</b>	40-64	3 (удовлетворительно)
<b>20 – 25</b>	65-84	4 (хорошо)
<b>26 – 30</b>	85-100	5 (отлично)

## **Описание оценок**

Описание оценок дается для общего представления стандартов возможных достижений обучающихся, за которые присуждается определенная оценка. На практике присужденная оценка зависит от степени соответствия работ обучающихся задачам оценивания.

<b>Оценка</b>	<b>Описание</b>
5	Обучающийся демонстрирует высокий уровень понимания текстов и способность отвечать на вопросы, свободно и эффективно применяет лексику в социальных и академических целях, безошибочно использует широкий спектр словарного запаса и грамматических форм, ожидаемых на данном уровне.
4	Обучающийся демонстрирует повышенный уровень понимания и способность отвечать на вопросы по тексту; с небольшими ошибками использует достаточное количество грамматических структур и словарного запаса, ожидаемых на данном уровне; небольшая неточность в подборе слов; допускает некоторые серьезные и ряд мелких ошибок.
3	Обучающийся демонстрирует базовый уровень понимания и способность отвечать на вопросы по тексту; использует небольшое количество грамматических структур, ожидаемых на данном уровне; словарный запас скучен, слова повторяются с частыми ошибками.
2	У обучающегося отсутствуют базовые знания по предмету.

**4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан** (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика).

## **Геометрия**

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
Емтихан жұмысы 8-10 қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Тапсырмалар 2-8 балл аралығында бағаланады. Білім алушылар математикалық құралдарды қолдана алады: сызғыш және циркуль. Калькуляторды пайдалануға рұқсат етілмейді	
<b>Барлығы</b>	
	<b>30 балл</b>

## **Бағалау міндеттері (БМ)**

1-БМ	<b>Геометриялық тәсілдер</b> Білім алушылар геометриялық фактілерді, аксиомаларды, теоремаларды және олардың салдарларын қайта жаңғырта, таңдай және пайдалана білуі керек.
1-БМ	<b>Геометрияны қолдану</b> Білім алушылар: <ul style="list-style-type: none"> <li>- есепті шығару кезінде тиімді тәсілдеме таңдауды және қолайлы әдіс қолдануды (көпсатылы есептерді қоса алғанда) білуі;</li> <li>- геометриялық әдіс-тәсілдерді қолданып және мәннәтінге сәйкес шешімдерін түсіндіре отырып, жағдаяттардың математикалық моделін құра (өмірдегі жағдайаттарды қоса алғанда) білуі;</li> <li>- шешімді ұсыну және математикалық тұжырымдарды дәлелдеу үшін логикалық аргументтерді пайдалана білуі;</li> <li>- сәйкес геометриялық символика және жазбаларды қолданып, шешімдерді ұсыну және аргументтер көлтіре білуі тиіс</li> </ul>

### **Балдардың үлестірілуі**

### **Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі**

Бағалау міндеттері	Барлығы
1-БМ Геометриялық тәсілдер	<b>12</b>
2-БМ Геометрияны қолдану	<b>18</b>
<b>Барлығы:</b>	<b>30</b>

Бөлімдер бойынша балдардың үлестірілуі.

Геометриялық фигурандар туралы түсінік	Геометриялық фигурандардың өзара орналасуы	Метрикалық қатынастар	Векторлар және түрлендірулер
13% - 27% (4-8 балл)	13% - 27% (4-8 балл)	33% - 47% (10-14 балл)	13% - 27% (4-8 балл)

### **Емтихан жұмысына балл қою және баға беру процесі**

Емтихан жұмысы үшін балл қою процесін ұсынылған балл қою схемасының негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға аударылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
---------------------------	--------------------------------	------

0-11	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
12-19	40-64	3 (қанағаттанарлық)
20-25	65-84	4 (жақсы)
26-30	85-100	5 (өте жақсы)

### **Бағалар сипаттамасы**

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

<b>Баға</b>	<b>Сипаттама</b>
5	<p>Білім алушы пәнді өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.</p> <p>Білім алушының оқу бағдарламасына енгізілген геометриялық тәсілдерді пайдалануда толығымен құзыретті болып табылады. Берілген нақты жағдайға байланысты қажетті әдіс-тәсілді таңдай алады. Білім алушы белгілі және белгісіз мәнмәтінде геометриялық тәсілдерді дұрыс пайдаланады.</p> <p>Білім алушы есеп шығару кезінде геоетриялық түрғыдан жақсы ойлайды және геометриялық тәсілдерді тандау себебін нақты негіздей алады.</p>
4	<p>Білім алушы пәнді жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.</p> <p>Білім алушының оқу бағдарламасына енгізілген көптеген геометриялық тәсілдерді пайдалануда құзыретті болып табылады. Берілген нақты жағдайға байланысты қажетті әдіс-тәсілді таңдай алады. Білім алушы белгілі мәнмәтінде есептердің, соның ішінде көпсатылы есептердің көпшілігін шығаруда өз білімдерін қолданады. Өз шешімдерінде білім алушы геометриялық пайымдауларды пайдаланады. Шешім табу үшін тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланады және шешімдері қаншалықты шындыққа негізделгенін тексереді.</p>
3	<p>Білім алушы пән бойынша базалық білім көрсетеді.</p> <p>Білім алушының оқу бағдарламасына енгізілген кейбір геоетриялық тәсілдерді пайдалануда құзыретті болып табылады. Білім алушы типтік есептерді шешуде өз білімдерін қолданады. Кей жағдайларда қарапайым есептерді шешу барысында сәйкес келетін геометриялық тәсілдерді анықтап, оларды шешім табу үшін қолдана алады. Кейбір жағдайларда білім алушы шешімнің нәтижелерін берілген контексте түсіндіре алады.</p>
2	Білім алушының пән бойынша базалық білімі жоқ.

## **Биология**

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
Жұмыс екі бөлімнен тұрады.	
<b>А бөлімі</b> 15 бір дұрыс жауабы бар көп тандауды қажет ететін сұрақтардан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады. <b>В бөлімі</b> 4-5 қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Тапсырмалар 2-10 балл аралығында бағаланады.	
<b>Барлығы</b>	<b>50 балл</b>

### **Бағалау міндеттері (БМ)**

1-БМ	<p><b>Білу және түсіну</b>            Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- құбылыстарды, ғылыми фактілер, зандар, анықтамалар, ұғымдар мен теорияларды;</li> <li>- ғылыми лексика, терминдер, шартты белгілерді (соның ішінде белгіленулер, шамалар және өлшем бірліктерді);</li> <li>- физикалық шамалар мен оларды анықтау тәсілдерін білуі және түсінуі тиіс.</li> </ul>
2-БМ	<p><b>Ақпаратты өндеу, бағалау және қолдану</b>            Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды анықтауы, тандауы, жүйелеуі;</li> <li>- ақпаратты әр түрлі формада ұсынуы;</li> <li>- сандық және әр түрлі мәліметтермен жұмыс жасауы;</li> <li>- үлгілерді анықтау үшін ақпаратты пайдалануы, жұмыс барысын сипаттауы және қорытынды жасауы;</li> <li>- құбылыстарға дәлелді түсініктеме беруі;</li> <li>- сандық мәліметтері бар есептерді шығаруы тиіс.</li> </ul>

### **Балдарды бөлу**

Бағалау міндеттері бойынша баллдарды бөлу.

<b>Бағалау міндеттері</b>	<b>Барлығы</b>
ЗО1 Білу және түсіну	<b>25</b>
ЗО2 Ақпаратты өндеу, бағалау және қолдану	<b>25</b>
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>

Оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша баллдарды бөлу (7-9 сыныптар).

Tірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Көбею, тұқым куалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму	Ағза мен коршаған орта	Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар
46% - 54% (23-27 баллов)	21% - 30% (11-15 баллов)	8% - 16% (4-8 баллов)	8% - 16% (4-8 баллов)

### Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі

Емтихан жұмысы үшін балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл балдарды бағаға айналдыру шекіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік күрамы, %	Баға
0-19	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
20-32	40-64	3 (қанағаттанарлық)
33-42	65-84	4 (жақсы)
43-50	85-100	5 (өте жақсы)

### Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттама
5	<p>Білім алушы пәнді терең әрі жете біледі және пәннің қағидалары мен әдістерін нақты түсінеді.</p> <p>Қағидаларды таныс, сондай-ақ таныс емес жағдайларда қолданылады. Білім алушының жауаптары жақсы түсіндірілген, нақты және сұраққа қатысты, сонымен қатар қын есептеулердің шешімі дәл және дұрыс берілген.</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- фактілерді қағидалармен және теориямен, керісінше теорияны фактілермен байланыстыруды;</li> <li>- бірнеше дереккөздерден алынған ақпаратты жинақтауды, оны қолдана білуді және айқын логикалық түрде ұсынуды;</li> <li>- айнымалылардың кең тандауы бар ситуациялық есептердің шешімін табуды;</li> <li>- моделдеу мен бағытын анықтау үшін бірнеше ақпараттардан алынған мәліметтерді өндеуді біледі.</li> </ul>

4	<p>Білім алушы пәннің түрлі салаларынан жақсы білімін көрсетеді, болмашы кемшіліктері бар, пәннің негізгі принциптері мен әдістерін түсінеді. Қағидаларды таныс, сондай-ақ аса таныс емес жағдайларда қолдануы мүмкін;</p> <p>Білім алушының жауаптары жақсы түсіндірілген, нақты және сұраққа қатысты; сонымен қатар есептеулердің шешімі жартылай дұрыс.</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу бағдарламасында келтірілмеген фактілерді жағдаяттарда байланыстыра алады;</li> <li>- ақпаратты бірнеше дереккөздерден тандауды және оны айқын логикалық түрде ұсынуды;</li> <li>- айнымалылардың шектеулі саны бар ситуациялық есептерді шешуді біледі.</li> </ul>
3	<p>Бұл бағаны алған білім алушы болмашы кемшіліктері бар, пән бойынша базалық білімін көрсетеді және пәнге негізделген қағидалары мен әдістерін аса түсінбейді. Қағидаларды негізінен белгілі жағдаяттарда ғана қолданады.</p> <p>Білім алушының жауаптары ішінен қажетті ақпаратпен қоса қажетсіз ақпарат та бар. Қарапайым есептерді дұрыс шыгарған, бірақ қын есептерде қателер жіберген.</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу бағдарламасында келтірілген фактілерді жаңғыртууды;</li> <li>- бір амалымен болатын есепті шешуді;</li> <li>- берілген ақпарат көзінен ақпараттың бір бөлігін ғана таңдап ұсынуды;</li> <li>- бір немесе бірнеше тәсілмен есептерді шыгаруды;</li> <li>- ақпаратты толығымен өндемей, модельдер мен бағыттарды анықтауды біледі.</li> </ul>
2	Білім алушыда пән бойынша базалық білімі жоқ.

## Физика

<b>Орындау үақыты</b>	<b>2 сағат</b>
<b>А бөлімі</b> 15 бір дұрыс жауабы бар көп тандауды қажет ететін сұрақтардан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.	
<b>В бөлімі</b> 4-5 қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады.	
Тапсырмалар 7-12 балл аралығында бағаланады. Барлық сұрақтар орындауға міндетті болып табылады. Калькуляторды қолдануға рұқсат етіледі.	<b>50 балл</b>

## Бағалау міндеттері (БМ)

1-БМ	<p><b>Білу және түсіну</b></p> <p>Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми құбылыштарды, фактілер, зандар, анықтамалар, ұғымдар мен теорияларды;</li> <li>- ғылыми лексика, терминдер, шартты белгілерді (соның ішінде белгіленулер, шамалар және өлшем бірліктерді);</li> <li>- ғылыми шамалар мен оларды анықтау тәсілдерін;</li> <li>- табиғаттағы зандылықтардың өзара байланысын білуі және түсінуі тиіс.</li> </ul>
------	--

2-БМ	<b>Ақпаратты өндеу, қолдану және бағалау</b> Білім алушылар: <ul style="list-style-type: none"> <li>- әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды анықтауы, таңдауы, жүйелеуі және ұсынуы;</li> <li>- ақпаратты әр түрлі форматтарда ұсынуы;</li> <li>- сандық және әр түрлі мәліметтермен жұмыс жасауы;</li> <li>- үлгілерді анықтау үшін ақпаратты пайдалануы, жұмыс барысын сипаттауы және қорытынды жасауы;</li> <li>- құбылыстарға дәлелді түсініктеме беруі;</li> <li>- сандық мәліметтері бар есептерді шығаруы тиіс.</li> </ul>
------	---

### Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі.

Бағалау міндеттері	Барлығы
1-БМ Білу және түсіну	<b>25</b>
2-БМ Ақпаратты өндеу, қолдану және бағалау	<b>25</b>
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>

Оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша балдардың үлестірілуі.

Физикалық шамалар мен өлшеулер	Механика	Жылу физикасы	Электр және магнетизм	Геометриялық оптика	Кванттық физика элементтері	Астрономия негіздері
2-8 % (1-4 балл)	36-42 % (18-21 балл)	22-28 % (11-14 балл)	14-20 % (7-10 балл)	4-10 % (2-5 балл)	6-12 % (3-6 балл)	2-8 % (1-4 балл)

### Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі

Емтихан жұмысына балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл, балдарды бағаға айналдыру шекіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың % пайыздық мазмұны	Баға
0-14	0-29	2 (қанағаттанарлықсыз)
15-27	30-54	3 (қанағаттанарлық)
28-39	55-79	4 (жақсы)
40-50	80-100	5 (өте жақсы)

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайдын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

<b>Бага</b>	<b>Сипаттамасы</b>
5	<p>Білім алушы пәнді терең әрі жете біледі және пәннің қағидалары мен әдістерін нақты түсінеді. Білім алушының жауаптары жақсы түсіндірілген, нақты және толық, сонымен қатар қызын есептеулердің шешімі дәл және дұрыс берілген.</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- фактілерді қағидалармен және теориямен, керісінше теорияны фактілермен байланыстыруды, сонымен қатар оку бағдарламасында келтірілмеген фактілерді жағдаяттарда байланыстыруды;</li> <li>- бірнеше дереккөздерден алынған ақпаратты жинақтауды оны қолдана білуді және айқын логикалық түрде ұсынуды;</li> <li>- айнымалылардың кең таңдауы бар, ситуациялық есептердің шешімін табуды;</li> <li>- теориялар және құбылыстарды түсіндіру үшін болжам жасауды жүзеге асыра алады.</li> </ul>
4	<p>Білім алушы пәннің түрлі салаларынан жақсы білімін көрсетеді, болмашы кемшіліктері бар, пәнің негізгі қағидалары мен әдістерін түсінеді. Білім алушының жауаптары көбінесе жақсы түсіндірілген, нақты және сұраққа қатысты; сонымен қатар есептеулері де дұрыс шешімге әкеледі.</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оку бағдарламасында келтірілмеген фактілерді жағдаяттарда байланыстыруды;</li> <li>- ақпаратты бірнеше дереккөздерден таңдау және оны айқын логикалық түрде ұсынуды;</li> <li>- айнымалыларды шектеулі саны бар ситуациялық есептерде шешуді;</li> <li>- теориялар мен құбылыстарды түсіндіру үшін болжам жасауды жүзеге асыра алады.</li> </ul>
3	<p>Білім алушының болмашы кемшіліктері бар, пән бойынша базалық білімдерін көрсетеді және пәнге негізделген қағидалары мен әдістерін аса түсінбейді. Білім алушының жауаптары ішінен қажетті ақпаратпен қоса қажетсіз ақпарат та бар. Қарапайым есептерді дұрыс шыгарған, бірақ қызын есептерде қателер жіберген.</p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оку бағдарламасында келтірілген фактілерді жаңғыртууды;</li> <li>- бір амалымен болатын есепті шешуді;</li> <li>- берілген ақпарат көзінен ақпараттың бір бөлігін ғана таңдап ұсынуды;</li> <li>- фактілер мен мәліметтердің жиынтығын түсіндіретін гипотезаны анықтауды жүзеге асыра алады.</li> </ul>
2	Білім алушыда пән бойынша базалық білімі жоқ.

## Химия

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
Жұмыс екі бөлімнен тұрады: А және В.	
<b>А бөлімі</b> 15 бір дұрыс жауабы бар көп таңдауды қажет ететін сұрақтардан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.	
<b>В бөлімінде</b> бірнеше сұрақтардан тұратын 4-5 құрылымдық тапсырма бар. Тапсырмалар 2-10 балл аралығында бағаланады.	
Білім алушылар сыйғыш, қарындаш, өшірткішті пайдалана алады.	

Барлық сұрақтарды орындауға міндетті.  
Калькуляторды пайдалануға болады.

<b>Барлығы</b>	<b>50 балл</b>
----------------	----------------

### **Бағалау міндеттері (БМ)**

1-БМ	<p><b>Білу және түсіну</b> Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- химиялық құбылыстарды, фактілер, зандар, анықтамалар, ұғымдар мен теорияларды;</li> <li>- ғылыми лексика, терминдер, шартты белгілерді (соның ішінде белгіленулер, шамалар және өлшем бірліктерді);</li> <li>- физикалық шамалар мен оларды анықтау тәсілдерін білуі және түсінуі тиіс.</li> </ul>
2-БМ	<p><b>Ақпаратты өндеу, бағалау және қолдану</b> Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды анықтауы, тандауы, жүйелеуі;</li> <li>- ақпаратты әр түрлі формада ұсынуы;</li> <li>- сандық және әр түрлі мәліметтермен жұмыс жасауы;</li> <li>- үлгілерді анықтау үшін ақпаратты пайдалануы, жұмыс барысын сипаттауы және қорытынды жасауы;</li> <li>- құбылыстарға дәлелді түсініктеме беруі;</li> <li>- сандық мәліметтері бар есептерді шығаруы тиіс.</li> </ul>

### **Балдарды бөлу**

Бағалау міндеттері бойынша баллдарды бөлу.

<b>Бағалау міндеттері</b>	<b>Барлығы</b>
